



Әр мүмкіндік –
нақты нәтиже

2-бет



Өзгерген өңір,
гүлденген өлке

4-бет



Өңірдің
тарих кеніші

8-бет



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Рәміздер рухтың қайрағы

Көк Ту, Елтаңба, Әнұран жүректерді тебіrentіп, рухты аспандатады. Мемлекеттік рәміздер күніне арналған патриоттық форум – елдік пен ерліктің, бірлік пен болашаққа деген сенімнің жарқын көрінісі болды. Тарихтан тағылым алып, Тәуелсіздік рәміздерін ұрпақ санасына сіңіруге бағытталған бұл шара Қарағандыдағы Тұтқыр алаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өтті. Онда елдің болашағына алаңдаулы жас жүректер мен аға буын өкілдері бас қосып, қасиетті рәміздер арқылы ұлттың ұлы мұратын ұлықтады. Шараға үш мыңнан астам адам қатысып, патриотизмнің жарқын үлгісін көрсетті. Бұл мереке – ел тарихы мен мәдениетіне зор құрмет.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумға облыс әкімдігі мен этномәдени бірлестік өкілдері, аймақтың Құрметті азаматтары, кадет сыныбының оқушылары, жастар ұйымдары, волонтерлер, шығармашылық ұжымдар, колледж студенттері мен қала тұрғындары жиналды.

Қалың жұртшылық Әнұран орындап, аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жиылған жұртты Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтады. Бұл мейрамның мән-маңызына тоқталды.

– Бүгінде Қазақстанның рәмізі бүкіл әлемде танымал. Бұл өз елімізге деген мақтаныш сезімін тудырады және жүректерге патриоттық сезім ұялатады. Мемлекеттік рәміздер – сонау ғасырлар қойнауынан сыр шертер тағылымды тарихымыздың шынайы көрінісі. Бүгінгі мемлекеттігіміздің бет-бейнесі. Еліміздің тарихы мен бүгінгі ерекше үйлесім тапқан рәміздер кешегі өткен күнімізді айшықтап, ертеңгі мақсатымызды айқындап тұр. Бабалардың наркескен намысының көшірмесіндей болған Мемлекеттік рәміздеріміз – ең кастерлі киеміз. Халқымыз-

дың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа деген үмітін, арман-тілегін жеткізетін рәміздерімізді кастерлей білу – ұрпақ парызы. Әділетті Қазақстан – Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен – асқақ, Көк Туымен – тұғырлы! Тәуелсіздігімен баянды, бірлігіміз бекем болғай! – деді аймақ басшысы.

Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында кеншілер астанасындағы кәсіптік-техникалық бағытта білім беретін колледждердің үздік бес түлегі 100

мың теңгенің сертификатымен марапатталды. Олар – түрлі халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары, болашақ кенші, электрик, құтқарушы, электровоз машинисті және дәнекерлеушілер.

– Бұл марапат – маған одан әрі даму үшін қомақты қолдау және ынталандыру. Әрі қарай да жеңістерге жеткім келеді, – деп бөлісті Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің түлегі, Шэньчжэnde өткен өнеркәсіптік дизайн бойынша халықаралық чемпионатта бірінші орын алған Виктор Репин. Сонымен қатар, облыстың

қоғамдық өміріне белсенді қатысқан үздік бес ерікті Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Алғыс хат алғандар қатарында Аян Құдайбергенов пен Анастасия Савенко бар. Олар қарттар мен жалғызбасты аналарға көмектеседі. Ал, Аяжан Орынбек – қазақ тілін насихаттаса, Ержан Рахметов – жануарларға қамқор. Есірткіге қарсы және экологиялық бастамаларға белсенді қатысатын Шарлин Калелелді де атап өтеске болмас.

– Бүгін айтулы күн – Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері күні! Форумға қатысу – біз үшін қуаныш пен құрмет. Көптен бері еріктілік қызметпен айналысып келемін. Біз қарттарға, ардагерлерге және мұқтаж жандарға көмектесеміз. Түрлі экологиялық акцияларды да өткізіп жатырмыз, – дейді Шахтинск технологиялық колледжінің химия пәнінің оқытушысы, Еріктілер клубының үйлестірушісі Анастасия Савенко.

Мерекелік шараның маңызды сәттерінің бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойына орай республикалық «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 30 мектеп оқушысын салтанатты түрде қабылдады. Олар ант бергенде тебіренбеген адам қалмады.

Бұл рәсімге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов, облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, ардагерлер, қоғам қайраткерлері және Қа-

зақстанның еңбек сіңірген спорт қайраткерлері қатысып, сәттілік тіледі.

Мемлекеттік рәміздер күнімен этномәдени бірлестіктердің өкілдері де құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Мемлекеттік рәміздері күнімен құттықтап, бақыт, денсаулық және бейбіт аспан тілеймін. Бейбітшілік пен келісім, ымыра-бірлік еліміздің Көк Туын тек биіктен желбіретсін! – деді «Казачья Вольница» этномәдени бірлестігінің мүшесі Владимир Маликов.

Ал, қатардағы жауынгер Бағдәулет Есхан 31775 әскери бөлімінде азаматтық борышын өтеп жатыр. Шымкент қаласынан шақырылған. Келгеніне 8 айдан асыпты.

– Бүгінгі шараның Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуде маңызы зор. Бір ай бұрын Астанада Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына орай өткен әскери парадқа біздің әскер бөлімінен 150-ден астам сарбаз қатысты. Елдің ертеңі үшін Қазақстан Қарулы күштерінің сақдай сай екенін көрсеттік. Бүгінгі шараға да ерекше құлшыныспен келдік, – деп атап өтті Бағдәулет Серікулы.

Жиын соңында Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктері әншілерінің орындауында Е.Хасанғалиевтің «Атамеке» әні шырқалып, «Көк Тудың желбірегені» атты флешмоб ұйымдастырылды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЕРТЕҢ – ҚҰРБАН АЙТ

Құрбандық – көңілдің тазалығы

Биыл қасиетті Құрбан айт мерекесі 6 маусым, жұма күні аталып өтеді. Айт намазынан кейін еліміздің барлық өңірлерінде құрбан шалуға рұқсат беріледі.

Құрбан айт – мұсылман қауымы үшін тек діни рәсім ғана емес, ізгілік пен ықыластың, бауырмалдық пен берекенің мейрамы. Бұл – адамзаттың Аллаға жақындау ниетін, жомарттық пен жанашырлық секілді құндылықтарын паш ететін күн. Айт күні жамағатпен айт намазы оқылады. Бұл – мұсылман қауымының бірлікке үн қататын, рухани тазалықты бастан кешетін сәті.

Қоғамда құрбан шалу мәдениеті жыл өткен сайын нығайып, жүйелі сипат алууда.

Қарағандыда құрбан шалуға арналған үш орын белгіленді. Олар – Резник көшесі, 18 үйдегі «Әбішева А. О» жеке кәсіпкері, Гоголь көшесі, 2/23 үйдегі «Арай kz» ЖШС және Сейфуллин көшесі, 53 үй мекенжайындағы «Хасенов» шаруа қожалығы.

Аталған орындар санитарлық талаптарға сай жабдықталған. Мұнда мал сою процесі шариғат ережесіне сәйкес атқарылады.

Қазақстан мұсылмандары діни



басқармасы qurban.muftyat.kz онлайн платформасын іске қосып отыр. Бұл – заманауи технология мен шариғат талабын үйлестірген игі бастама. Азаматтар сайт арқылы құрбандыққа шалынатын малды таңдап, төлемін Kaspi.kz және басқа сервистер арқылы жасай алады. Құрбандық шалу рәсімі бейне және фото есебі арқылы рәсімделіп, тапсырыс берушіге жолданады.

Құрбандыққа шалынатын малға қойылатын талаптар да бар. Атап айт-

қанда, қой, ешкі, сиыр және түйе шалынады.

Қой мен ешкі – кемінде бір жасар, сиыр – екі жастан асқан, түйе – бес жасар болуы тиіс.

Көзі соқыр, құлағы немесе құйрығы туа бітті жоқ, көп тісі жоқ, мүйізі түбінен сынған, аяғы ақсақ немесе көтерем мал құрбандыққа жарамсыз.

Шариғат бойынша қошқар мен ешкіні – жеке адам шалса, сиыр мен түйені – жеті адам бірігіп шалуға рұқсат.

Құрбандық – бұл жай ғана мал сою емес. Бұл – адамның ішкі ниеті, Жаратқанға деген шүкіршілігі, жақынына деген қамқорлығы. Көп адам дәл осы садақа беріп, киім-кешек, азықтүлік немесе ақшалай көмек көрсетіп, жақсылықтың дөнін себеді.

Құрбан шалуға шамасы келсе, мұсылман баласы жылына бір құрбан шалуы керек. Алланың бұйрығы мынадай: «Кімде-кім мүмкіншілігі бола тұра, құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын!»

Құрбан шалу мұсылмандарға – уәжіп. Құрбан айтта жолаушы болмаса және негізгі қажетінен бөлек нисап мөлшерінде қаражаты барлар шалуы керек. Шариғатта нисап мөлшері деп 85 грамм алтынға, яғни, соның құнына тең келетін ақшаны айтады. Бірақ қалтасындағы ақшасы нисап мөлшеріне жетпесе де құрбан шала берсе болады.

Құрбан айт – мұсылман баласының сабырын, жомарттығын, ниетінің тазалығын көрсететін күн. Бұл мереке – рухани жаңғырудың, ізгіліктің, бірліктің мерекесі. Осы күндері шалынған әр құрбан – сауапқа толы амал болғай!

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҢЫТМАҚТАСТЫҚ

Әр мүмкіндік — нақты нәтиже

Қарағанды облысы – бүгін тек көмір мен кеннің емес, білім мен технологияның да орталығына айналып келеді. Мұны Еуропалық Одақтың бірқатар елшіліктері мен дипломатиялық миссияларының өңірге арнайы сапары айқын көрсетті.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапар барысында делегация мүшелері облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен жүздесті. Бұл ресми кездесу Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің қабырғасында өтті. Университет базасында құрылып жатқан «Картех» өңірлік инновациялық-индустриялық хабы – болашақтың өндірісін дайындайтын зияткерлік алаң. Онда заманауи технологияларды енгізу, қолданбалы ғылымды өрістету

бағытындағы күш-жігер бір арнаға тоғыспақ.

– Өңірде еуропалық компаниялардың қатысуымен жүзеге асып жатқан табысты жобалар – өзара сенім мен мүдделіліктің айғағы. Мысалы, «Бемер» компаниясының арматура өндірісі, «Изоплюс Орталық Азия» зауытының оқшауланған құбырлары, «Линде Газ Қазақстанның» техникалық газдары, «Соларнет» күн электр станциясы – бәрі де бізгегі қолайлы инвестициялық ахуал мен ұзақмерзімді серіктестіктің жемісі. Біз тек экономикалық емес, гуманитарлық

ынтымақтастық аясын да кеңейтуге дайынбыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңірдің инвестициялық әлеуетін әкiмнің орынбасары Ермек Алпысов таныстырып, облыстың инфрақұрылымдық, көлік-логистикалық және адами ресурстық артықшылықтарына кеңінен тоқталды. Спикердің айтуынша, Қарағанды облысы – өзара тиімді іскерлік әріптестік үшін үлкен мүмкіндіктер өңірі. Қазірдің өзінде облыс әлемнің 70 еліне өңдеу өнеркәсібі өнімдерін экспорттап отыр. Ал «Сарыарқа» арнайы

экономикалық аймағында Германия, Аустрия, Қытай, Катар және Канададан 25 шетелдік компания табысты жұмыс істеуде. Бұл – Қазақстан экономикасына деген сенім мен әлеуетке деген сұраныстың белгісі.

Қонақтар да бұл кездесудің маңызын атап өтіп, табысты жобалардан мысал келтірді. Мәселен, Швецияның Scania компаниясы өңірде көлік техникасын шығара бастаған. Францияның алдыңғы қатарлы компаниясы су ресурстарын тиімді пайдалану технологияларын ұсынып, ынтымақтастық жөнінде келісім жасасты. Ал Хорватия болса, туризм саласында байланыстар орнатуға мүдделі екенін жеткізді.

– Біз Қазақстанмен жалпы, ал, Қарағанды облысымен жеке ынтымақтастықтың зор мүмкіндігін көріп отырмыз. Бұл – көлік және логистика, жасыл энергетика, климаттың өзгеруіне қарсы күрес, сондай-ақ, адами капитал, цифрландыру және білім беру салалары. Осындай кездесулер – бизнеске бағыт-бағдар беретін маңызды алаң. Біз мүмкіндіктерді көрсетеміз, ал кәсіпкерлер B2B форматында нақты жобаларға көшеді. Мұнда Еуропа тарапынан да үлкен қызығушылық бар, – деді Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі Алешка Симкич.

Қарағанды – нақты іске көшкен өлке. Бұл сапар өңір үшін жаңа көзқиякердің ашылғанын білдірді. Ендігі меже – әр мүмкіндікті нақты нәтижеге айналдыру.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Халық үні тыңдалды

Халықпен тілдесу – биліктің халыққа ең жақын келетін сәті. Өтінішін айтып келген жұрттың әр сұрағына құлақ асып, жағдайын ұғыну – бүгінгі күннің басты талабы. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тұрғындардың жеке мәселелері бойынша кезекті қабылдау өткізді. Қабылдауға мемлекеттік құрылымдар мен облыстық басқармалардың басшылары да қатысты.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

жұмыс істейтін тігін өндірісін іске қосқан. Бұл тек табыс табу емес, әлеуметтік жауапкершілікті серіктен азаматтардың ісі.

Әкімдік тарапынан оларға әлеуметтік кәсіпкерлік бағытындағы қолдау шаралары, сонымен қатар, «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасы



Бұл күні өңір басшысына азаматтар тұрғын үй, денсаулық сақтау және кәсіпкерлікті қолдау мәселелері бойынша жүгінді. Қабылдау диалогқа құрылды, әрбір өтініш жеке тыңдалып, тиісті сала басшылары қатысуымен нақты шешу жолдары қарастырылды.

Қарағанды қаласының Федоров бөлігі аталған ауданнан келген тұрғын емхана мәселесін көтерді. Оның айтуынша, аудан аумағы ауқымды болғанымен, медициналық қызмет қолжетімді емес.

– Ауданымыз үлкен болғанымен, дәрігерге қаралу үшін қала орталығына сабылуға мәжбүрміз. Егде жастағы кісілерге бұл, тіптен, қиын, – деді қала тұрғыны.

Бұл өтінішке нақты жауап берілді. Ауданға жаңа емхана салу жобасы бар екені айтылып, бұл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігімен жүзеге асырғыны жеткізілді. Яғни, мемлекет пен жеке инвестор бірігіп, халыққа қажет нысанды тұрғызбақ.

Қабылдауға келгендердің арасында кәсіпкерлер де болды. Олар мүгедектігі бар жандар

аясында көрсетілетін мемлекеттік көмектің шарттары жан-жақты түсіндірілді.

Қарапайым тігін цехында зор әлеуметтік мағына бар. Бұл – ғарип жандарға мүмкіндік беру. Оларға сенім арту, қоғамға қажет екенін сезіндіру.

Тұрғындарға әр мәселе бойынша сол сәтте-ақ түсініктеме беріліп, нақты іс-шаралар жоспары түзіліп отырды.

Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қабылдау барысында: «Әрбір өтініш заң аясында мұқият қаралады. Бұл – біздің міндетіміз. Халықтың мұң-мұқтажына бейжай қарамай, қолдан келгеннің бәрін жасау – биліктің тікелей борышы», – деді.

Қарағанды ірі өндіріс пен инфрақұрылым ғана емес, адам тағдыры, азаматтың үнін еститін билік бар өңір екенін көрсетті. Жеке бастың мәселесі деп емес, жалпы қоғамның қамы ретінде қарастырылған әр сұрақ – әкім мен азамат арасындағы сенім көпірін бекемдей түсті.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген
Жангелді ӘДІҒАЛЫМ

Жол азабы азаяды

Бұқар жырау ауданында жол жөндеу жұмыстары биыл да жалғасуда. Осы 2025 жылы 56,57 шақырым ауылшілік және аудандық жолдарды жөндеу жоспарланып, оған 2 961 975 мың теңге қарастырылған екен.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Соның ішінде, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 8 елдімекенде жалпы ұзындығы 41,1 шақырым ішкі жолдарды орташа жөндеуге 2 144 921 мың теңге бөлінеді, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолдаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бақтияр Жаңбырбаев. – Бұл жұмыстармен ауданның Новоузенка, Көкпекті, Атамекен, Жаңаталап, Акбел, Ақтөбе, Петровка, Цен-

тральное ауылдары қамтылғалы отыр.

Қазір осы жолдардың сараптамасы алынып, конкурстық рәсімдері өткізіліп, мердігерлермен келісімшарттар жасалынуда. Мәселен, 267 431 мың теңгеге жасалған келісімшарты негізінде «Гарант-Дорстрой» ЖШС Акбел ауылының 4,12 шақырым жолдарына орташа жөндеу жүргізуге кірісіп те кеткен. Мұндай келісімшарт «Жолстрой» ЖШС-мен Ақтөбе ауылындағы 4,048 шақырым ішкі жолдардың орташа жөндеуі үшін 204 226 мың теңгеге жасалған.

Сол сияқты 2025 жылы «Аудан-

дық маңызы бар автомобиль жолдары мен көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 15,5 шақырым жолды жөндеуге де 723 693 мың теңге бөлінбек. Бұл қаражат Төрткөл, Ақжар, Ащысу ауылдарына кіреберіс жолдарды орташа жөндеу жұмыстарына жұмсалатын болады. Бүгінде осы үшеуінде атқарылатын шаруалар жөнінде мердігерлермен келіссөздер жүргізілуде.

Ендігі бір «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бағдарламасына сәйкес 2024 жылдан өтпелі нысандарды аяқтауға, соның ішінде, Үштіөбе ауылында автомобиль жолын салуға және Нұра станциясының жайлы мектебіне кіреберіс жолды жөндеуге 32 252 мың теңгеден, ал, Сарытөбе, Тұзды, Байкадам ауылдарының ішкі жолдары-



ның орташа жөндеуін бітіруге 81 109 мың теңге бөлінген көрінеді.

Бұдан бөлек Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы аудан аумағынан өтетін облыстық маңызы бар жолдарға орташа жөндеу жұмыстарын жоспарлаған. Бұған «Қарағанды-Тоғызқұдық-Ботақара» жолының 0,14 және «Қарағанды-Белағаш-Керней-Семізбұғы» жолының 0,34 шақырымдары жатады.

Бұқар жырау ауданында биылға белгіленіп, қолға алынған бұл жұмыстар жыл аяғына дейін орындалып бітеді деп күтілуде.

Бұқар жырау ауданы

• АКЦИЯ

Құқықтық көмек тегін

Қарағанды қаласындағы «Таир» сауда орталығында дәстүрлі түрде өткізілетін «Халық заңгері» республикалық акциясы биыл да жалғасын тапты. Аталған шарада қала тұрғындары кәсіби заңгерлерден тегін кеңес алу мүмкіндігіне ие болды.

Ауқымды акция жыл сайын ел көлемінде ұйымдастырылады. Қарағандыда осымен тоғызыншы рет өтіп отыр. Бұл жолғы кеңес беру алаңында түрлі мемлекеттік органдардың өкілдері, адвокаттар, нотариустар, денсаулық сақтау мамандары мен салық саласының сарапшылары тұрғындарды қабылдады.

«MG Partners Karaganda» ЖШС компаниясының заңгері Ернар Еркінөтін айтуынша, тұрғындардың жиі қоятын сұрақтары салық, кәсіп ашу және тіркеу, жеке кәсіпкерлік қызметін заңдастыру мәселелеріне қатысты.

– Көп адамдар жеке кәсіп бастамақ болып, бірақ, қалай тіркелетінін білмейді. Көбі ЖК мен ЖШС-нің айырмашылығын түсінбейді. Бұдан бөлек, кейбіреулер әлеуметтік төлемдер, әсіресе, БЖЗҚ-дағы жинақтар бойынша кеңес сұрайды, – дейді Ернар Еркінөтін.

Ал, әділет департаментінің құқықты түсіндіру және халыққа заңгерлік көмек көрсету бөлімінің басшысы Ғалым Әдібаев іс-шараның басты мақсаты – тұрғындарға тегін заңгерлік көмек көрсету екенін атап өтті.

– Бұл акция 2016 жылдан бері өткізілуде. Тоғыз жыл ішінде мыңдаған адам кеңес алып үлгерді. Біз тек ауызша емес, кейбір жағдайда жазбаша өтініштерді де қабылдаймыз. Тұрғындар тарапынан жиі

көтерілетін мәселелер – зейнетақы, тұрғын үй және жер даулары, – деді Ғалым Сәбитұлы.

Акцияға келген қала тұрғыны Ләззат Төлегенқызы тұрғын үй кезегі мен жалдамалы пәтерге төленетін әлеуметтік көмек бойынша кеңес алған.

– Бірнеше жылдан бері жалдамалы пәтерде тұрамын. Үй кезегіне 2019 жылы тіркелдім. Бірақ жылжымай жатыр. Қанша рет барсам да, нақты жауап ала алмай келдім. Бүгін заңгер маған толық түсіндіріп берді, енді арызды қалай дұрыс жазу керектігін де білдім. Осындай тегін акциялар көп болса екен деймін, – дейді Ләззат.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл акция тек жеке мәселелерді шешіп берумен шектелмейді, сонымен қатар, халықтың құқықтық сауатын арттыруды көздейді. Әрбір азамат өз құқығын біліп, қорғауға дағдылануы тиіс.

«Халық заңгері» – құқық пен халық арасындағы алтын көпір іспеттес. Осындай игі шаралар арқылы азаматтардың мемлекетке деген сенімі артып, құқықтық мәдениеті қалыптасады. Бұл – әділетті қоғамға ұмтылудағы маңызды қадам.

Нұрлыбек СЕЙДІМБЕК,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

Экологияны ескерген индустрия

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек. Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет» деген болатын. Қарағандыдағы «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында салынатын жылу радиаторларын шығаратын «Silumin of Kazakhstan» ЖШС зауыты Президенттің экологиялық таза өндіріс құруға бағытталған бастамаларын қолдайды. Компания алюминий сынықтары мен қождарын қайта өңдеу, шығатын газдарды көп сатылы сүзу, суды қайта пайдалану және күн генерациясы сияқты заманауи экологиялық технологияларды қолдануды жоспарлап отыр.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зауыт Қазақстанның ішкі нарығын сапалы жылыту радиаторларымен қамтамасыз етіп, шетелдік өнімдерге тәуелділікті азайтуға ықпал етеді. Осылайша, Мемлекет басшысының жасыл экономика мен индустриялық даму жөніндегі көзқарастары зауыттың стратегиялық маңыздылығын көрсетеді.

Жобаны жүзеге асырушы – «Silumin of Kazakhstan» ЖШС қазақстандық жас, бірақ, амбициясы жоғары компания. Олар инвестицияны тиімді пайдалана отырып, отандық өңдеу өнеркәсібін жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Жоба іске қосылғаннан кейін 220 жаңа жұмыс орны ашылады. Бұл өз кезегінде жергілікті техникалық және кәсіби кадрларға сұранысты арттырады.

Компания қазірдің өзінде Қарағанды өңіріндегі колледждермен, техникалық және инженерлік бағыттағы жоғары оқу орындарымен келісімдер жасасып, студенттерді болашақ өндіріс орнында тәжірибеден өткізу жүйесін енгізуде. Бұл – кадрлық әлеуетті ұзақмерзімді дамытуға бағытталған нақты қадам.



Зауытта өндіріс процесі толығымен оқшауланған. Шикізатты қайта өңдеуден бастап, дайын өнім шығару цикліне дейінгі барлық кезең бір нысанда жүзеге асады. Бұл – тұтынушылар үшін сапа мен сенімділік. Ең маңыздысы – өндірісте экологиялық стандарттарға сай технологиялар қолданылады. Атап айтқанда, алюминий сынықтары мен қождарын қайта өңдеу, газдарды көпсатылы сүзу жүйесімен тазалау, өндірістік суды булап, қайта пайдалану, күн генерациясы және жылууды рекуперациялау жүйелері.

Осы шешімдер зауыттың экологиялық залалы төмен, тиімділігі жоғары болуына көп.

Қазіргі таңда Қазақстан жылыту радиаторларының басым бөлігін импорт арқылы қамтамасыз етіп отыр. «Silumin of Kazakhstan» компаниясының басты мақсаты – отандық нарықты өз өнімімізбен толық қамту. Болашақта өнімді Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан және басқа да елдерге экспортқа шығару.

2024 жылғы 21 мамырда компания мен Жылыту нарығындағы өндірушілер қауымдастығы (ЖНӨК) негіздемілік келісімге келді. Құжат аясында зертханалық базаны дамыту, өндірісті стандарттау және өндірістік кооперация мен жеткізу тізбегін жолға қою міндеттері бекітілген.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Зауыт құрылысына салынған инвестиция көлемі – 35 миллион АҚШ доллары. Бұл «Бәйтерек» ұлттық холдингі, «Даму» қоры, BV Management, Қазақстанның Индустрия және құрылыс министрлігі мен Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауы арқылы мүмкін болған.

Жобаның бірінші кезеңінде жылына 5,5 миллион секция радиатор шығару жоспарланған. Бұл көлем елдегі сұранысты қанағаттандырумен қатар, экспорттық мүмкіндікті де ашады.

Өндіріс бірнеше кезеңмен іске қосылады. Бірінші кезеңде толық өндірістік цикл – алюминий құю, пресс қалыптау, сырлау, құрастыру қамтылады. Келесі кезеңдерде қуатты ұлғайту, қосымша өнім түрлерін шығару, шетелдік тапсырыстарды орындау бағытында жұмыс жүреді.

Жаңа өндірістік алаңның ашылуы – бұл Қарағанды облысының ғана емес, тұтас еліміздің индустриялық әлеуетінің нақты көрінісі. Ал «Silumin of Kazakhstan» компаниясы – жаста болса, отандық өнеркәсіпке жаңаша көзқараспен келіп, экологиялық таза, заманауи және бәсекеге қабілетті өндіріс моделін ұсынған жаңа буын өкілдерінің жарқын мысалы.

Сурет облыс әкімдігінің
сайтынан

• АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ – 2025

Санақ сапаны көздейді

1-30 маусым аралығында ауыл шаруашылығы санағын жүргізу мақсатында облыстың жеті қаласын алдын ала аралау жұмыстары басталады. Мамандар санақ өткізу арқылы аграрлық сектордың дамуына болжам жасап, ауыл шаруашылығы саласының қазіргі шынайы жағдайы туралы толыққанды ақпарат береді. Қарағанды облысында барлығы 94,5 мыңға жуық үй шаруашылығын және 10 мыңға жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамту жоспарлануда.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы бойынша статистика департаментінің басшысы Сәуле КомUTOBa өңірде жүргізілетін санақ науқанының мақсаты мен міндеттеріне тоқталып, статистика басқармасы тарапынан атқарылатын жұмыстарды баяндады. Оның айтуынша, ауыл шаруашылығы санағы аграрлық сектордың құрылымы, ресурстары мен жай-күйі үшін өзекті. Анық деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдайды. Сондай-ақ, азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, халықаралық міндеттемелерді орындау үшін де қажет.

Айта кеткен жөн, елімізде санакқа дайындық жұмыстары 1,5 жыл бұрын басталып кетті. Оны жүргізу мерзімдері туралы Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша шешім қабылдады. Санақ мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалған.



Қолжазбалық ағартып Арғынбай Қоңғаров

Үкімет деңгейінде арнайы комиссия құрылып, осы уақыт ішінде қажетті нормативтік-құқықтық актілер бекітілді. Жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдар жұмылдырылды. Латвия, АҚШ, Польша, Ресей, Өзбекстан, Ұлыбритания және Грузия сияқты елдердің статистика қызметтері мен Біріккен Ұлттар Ұйымының азықтүлік және ауыл шаруашылық ұйымымен консультациялық жұмыс кездесулері өтті. Өткен жылы пилоттық ауыл шаруашылығы санағы өтіп, онда ақпараттық жүйелер, әдіснама және дала жұмыстарын жүргізудің ұйымдастырушылық ерекшеліктері сыналды.

– 1-30 маусым аралығында облыстың жеті қаласында ауыл ша-

руашылығы санағын алдын ала аралау басталады. Интервьюерлер жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және (немесе) ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтарының тізімдерін нақтылайды. Ауыл шаруашылығы санағы шеңберінде мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғанда, заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер сауалнамаға кіреді. Жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары да ескеріледі. Санақ 1 тамыздан 20 қазанға дейінгі кезеңді қамтиды,

– дейді Сәуле КомUTOBa.

Департамент басшысының айтуынша, 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz. сайтында онлайн-сауалнама өтеді. Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, соның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтары, үй шаруашылықтары sanaq.gov.kz. порталындағы санақ парақтарын қашықтан дербес толтыра алады. Бұл әдіс мүмкіндігінше ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сайт қазірдің өзінде іске қосылғандықтан, тілек білдірушілердің онымен танысуға мүмкіндігі бар. Онлайн-сауалнамадан өтушілер ЭЦҚ көмегімен сайтта авторлануы қажет.

Онлайн режимде санақтан өту-

• РЕСМИ

Қызмет алушының құқығы қалпына келтірілді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің функцияларының бірі – мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ, көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

Осы бағытта департамент арқылы биыл оннан астам қызмет алушының бұзылған құқықтарды қалпына келтіргенін атап өткен жөн.

Атап айтқанда, департаментке Қарағанды қаласы әкімдігінің бұрын билборд конструкцияларына берілген жер учаскесін жалға алу мерзімін ұзартудан бас тарту фактісі бойынша Қарағанды қаласының тұрғыны жазбаша шағым түсірді.

Департамент шағымды объективті және жан-жақты қарау үшін маңызы бар құжаттарға құқықтық талдау жүргізді, оның қорытындысы бойынша Қарағанды қаласы әкімдігі тарапынан іс-әрекеттердің заңсыздығы фактісі анықталды, бұл заңдылықтың бұзылуына әкелді.

Шағымды қарау қорытындысы бойынша департамент Қарағанды қаласы әкімдігінің атына көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қайта қарау және тиісті шешім шығару жолымен заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы хат жолдады.

Осылайша департаменттің көмегімен көрсетілетін қызметті алушы Қарағанды қаласының әкімдігіне қайтадан өтініш берді, осылайша көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, департамент EgovKzBot2.0» платформасы арқылы – азаматтардың құқықтарын қалпына келтіру жұмыстарын атқаратынын жеткізіміз. Берілген платформа арқылы қызмет алушылар өз шағымдарын қалдыра алады.

Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру мәселесі Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінде ерекше бақылауда.

С.ШЕРІМБАЕВА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтің қызметтер басқармасының бас маманы

• АГРОКЕШЕН

Шегіртке қайтсе шегінеді?

Сайын дала төсінде тағы бір табиғи қауіп қылаң берді. Шегіртке шабуылы, егіс алқабын жайпағалы, елдің еңбегін еш етпекке шақ қалған-тып. Бірақ, облыс тарабы бұған бейқам қарап отырмады. Шегірткенің шеңгеліне түспеу үшін аспаннан да, жерден де қорған жасалды. Зиянкеспен шайқас басталып кетті...



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс аумағында ауыл шаруашылығына зор қауіп төндіретін аса қауіпті зиянды организмдер – үйірлі шегірткелердің екі түрі: итальяндық прус пен саяқ шегірткелер жаппай таралғандығы ақпарат айдынында айқындалған еді. Зиянкестер егін мен жайылымды жайпап, халықтың нәпакасына нұқсан келтіретін, табиғаттың тілсіз жауы. Мәселен, итальяндық прус қауіптілігімен ерекшеленетін, топталып қонып, көзді ашып-жұмғанша егістікті тып-типыл ететін үйірлі шегіртке түрі. Оған қарсы күрес республикалық деңгейде қолға алынып, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тікелей араласуымен, мемлекет қазынасынан бөлінген қаржы есебінен жүзеге асырылады. Ал, саяқ шегірткелердің де таралу ауқымы кең, бір қарағанда елеусіз көрінгенімен, шындап келгенде ауыл шаруашылығына елеулі залал келтіретін жекелеген зиянкестер түрі. Оларға қарсы күрес шаралары жергілікті деңгейде, облыстық және аудандық атқарушы органдардың ұйымдастыруымен, жергілікті бюджеттің қаражатына жүргізіледі.

Аса маңызды бұл міндет – зиян шеккен аумақтарға дереу әрекет ету, уақытылы дөрілеу жұмыстарын үйлестіру. Келелі мәселе облыс әкімінің орынбасары басқаратын облыстық штабтың бақылауында. Штаб мүшелері осы орайда тәжірибелі мамандар мен тиісті сала өкілдерін шұғыл әрекет етуге, ауыл шаруашылығы мен тұрғындардың аман-дығын қорғауға күн-түн демей жұмылдырылуда. Зиянкестерге қарсы күрестің алғы шебінде ғылыми негізделген зерттеу мен нақты болжау жұмыстары тұр. Атаулы маңызды міндеттер «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» облыстық филиалының білікті мамандарының қатысуымен жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Олар әрбір зиянкестің таралу қарқынын, қауіпті кезеңдерін жіті бақылап, нақты әрі дер кезінде болжам жасап отыратын кәсіби мамандар.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын шегірткелерден қорғау тек жекелеген мекемелердің ғана емес, тұтас өңірдің үйлесімді жұмысын талап ететін кешенді процесс. Осы мақсатта облыс әкімінің орынбасары жетекшілік ететін облыстық штаб тұрақты түрде отырыстар өткізіп, ахуалды күн тәртібінде

көмегімен – 282 гектар, бүріккіш техникалар арқылы 970 гектар жер химиялық өңдеуден өткізілді. Аудандық бөліністе Ақтоғай ауданында – 2 192 гектар, Қарқаралы ауданында – 1 880 гектар, Шет ауданында 430 гектар жер өңделді. Сонымен қатар, шегірткелердің шоғырлануы мүмкін 34,0 мың гектар мемлекеттік қор жері де ерекше бақылауға алынып, дайындық жұмыстары жүргізілуде. Осы маңызды іс-шараларды жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен 146,3 млн теңге бөлініп, қажетті техника мен құрал-жабдықтар толық дайындалды. Зиянкестердің таралуын тежеуге бағытталған пәрменді шешімдердің нақты нәтижесі осы. Алдағы уақытта ауа райының жағдайына қарай жерді өңдеу жұмыстары белсенді түрде жалғасатын болады.

Химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізетін мердігерлер іріктеліп, іске жұмсалатын қаражат көлемі 184 млн 561 мың теңгені құрады. Қазіргі таңда тоғыз бірлік заманауи техника мен дрондар жұмысқа тартылып отыр. Бұл – зиянкестермен күрестегі жаңа деңгей. Сонымен қатар, өңірдегі үйлесімді іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында облыспен шекаралас аймақтардың өкілдерімен өзара ынтымақтастық туралы нақты келісімдерге қол қойылды, – деді облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Жасұлан Ешмұханов.

Шегіртке зиянкестеріне қарсы барлық іс-шаралар облыстық штабтың тұрақты бақылауында. Штаб әрбір аудан мен елді мекендегі ахуалды жіті қадағалап, үйлесімді әрекет етуге бағытталған нақты шешімдер қабылдауда. ...Қанаттары күннің көзін көлегейлеген, жердің демін тұншықтырған қара легион. Шегірткелер. Табиғаттың түссіз әрі тасқындал келетін зарар жүйесі. Бейне бір өркениетке ашуланған Жер-Ананың өзі жазалаушы отряд жібергендей. Бірақ, бұл жолы адам да үнсіз қалмады. Бұл жолы дала жалғыз қалған жоқ. Құстың орнын – ұшқыштар, бұлттың орнын – агродрон басты. Даланы қорғайтын жауынгер енді трактор тізгіндеген механиктер, микроскоп артындағы энтомолог, қағазға сызу салған инженер. Ғылым мен ерік-жігер табысып, шегірткенің шеруін кері бұрды. Қарсы шабуыл – техниканың тілімен, тіршіліктің мүддесімен жасалды. Қауіп қайтты ма? Иә. Бірақ, бұл соңғы соғыс емес. Табиғат адамға үнемі ескерту жіберетіндей. Ал, дала, дала қайтадан тыныс ала бастады.

Сурет ашық дереккөзден



Контейнерге QR-код орнатылады

Қарағанды тұрғындары жолдарды күтіп ұстауға, қоқыс шығаруға және абаттандыруға жауапты мердігерлік ұйымдармен тікелей байланыса алады.

Облыс әкімінің тапсырмасына орай, әрбір қала мен ауданда жауапкершілік аймақтары мен байланыс мәліметтері көрсетілген мердігерлер тізімі жарияланды.

Сондай-ақ, компаниялар туралы ақпарат қолжетімді болуы үшін байланыс номерлері мен QR-кодтары бар коқыс контейнерлері көшелерде орналастырылады.

Алғашқы тізімдер Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарында бар. Бұл бастама тұрғындардың өмір сүру саласын жақсартуға бағытталған. Осылайша тұрғындар шағымдары мен ұсыныстарын тікелей мердігер ұйымдарға хабарлайды.

Бастама қала тазалығын сақтауға және тұрғындармен кері байланыс жүйесін орнатуда тиімді.

Арайлым ШОҚПАРОВА,
Қарағанды зерттеу университетінің II курс студенті

Өзгерген өңір, гүлденген өлке

Қарағанды аймағының қуатты Қарағандыға айналуында оның өңірлерінің өзіндік үлесі зор. Өңірдің өркен жаюы – аймақтың тынысын ашып, болашағын бекемдей түсері хақ. Облыста сегіз аудан болса, соның ішінде шоқтығы биік, шоғыры бөлек – Ақтоғай. Алаш арыстарының ізі қалған тарихи мекендегі ел үшін елеулі істердің куәсі болдык.

Тоқырауын бойында, түтін түтеткен бұл өңір – бүгінде бөлек, өзгеше өңір. Түлік өргізіп, дән сіңірген бұл қауым шегірткенің шеңгелінде қалмас үшін жұдырықтай жұмылып, жұмысқа кірісіпті. Ақтоғайда ақшанқан киіз үйдей жана үйлер бой көтеріпті. Жаңа шағын аудан салыныпты. Ал, балалар үшін этно-лагерь сипатындағы демалыс орны балдырғандарды қабылдауға әзір екен. Тарқаталық...

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зиянкеске қарсы күрес жүйелі

Қазіргі таңда Ақтоғай ауданында жүргізілген жедел шаралардың арқасында зиянкестер ошағы окшауланған. Аудан аумағындағы жерлерді өңдеу аса жеңіл авиация

пайдаланылуда. Қазір тоғыз жер үстіндегі бүріккіш, бір аса жеңіл ұшақ және дельтаплан, төрт агродрон іске қосылды. Қарқаралы, Шет, Бұқар жырау және Ақтоғай аудандарында бүгінгі таңда 14,3 гектар жер өңделіп үлгерді. Аса жеңіл авиациямен – 8090 гектар, агродрондармен – 982 гектар, жер үсті бүріккіштері арқылы – 4960 гектар жерге химиялық өңдеу

Биыл итальян прусына қарсы 59,3 мың гектар жерді өңдеу жоспарланған еді. Алғаш рет пилотсыз ұшу аппараттары (дрондар) пайдаланылуда. Қазір тоғыз жер үстіндегі бүріккіш, бір аса жеңіл ұшақ және дельтаплан, төрт агродрон іске қосылды. Қарқаралы, Шет, Бұқар жырау және Ақтоғай аудандарында бүгінгі таңда 14,3 гектар жер өңделіп үлгерді.

мен дрондарды әуеден де, мамандандырылған техниканы пайдалана отырып, жерден де жүргізіліп жатыр. Бүгінде жағдай бақылауда, жұмыс алдын ала жүргізілуде.

Облыс аумағындағы фитосанитариялық ахуал бойынша дерекке сүйенсек, аса қауіпті және қауіпті зиянды организмдерге қарсы зерттеу жұмыстары жоспар бойынша 5,4 млн гектар аумақта жүргізілуде. Оның ішінде, үйірлі шегіртке зиянкестеріне 1264,07 мың гектар аумақ зерттелетін бо-

жұмыстары жүргізілді. Ақтоғай ауданында алдын ала жүргізілген тексерулердің арқасында жұмыс бағыты анықталып, бюджеттен қажетті қаржы бөлінді. Қазір ошақ окшауланған. Егер шегіртке саны бір шаршы метрге үш данадан асса, бұл аумақ химиялық өңдеуге жатады. Дернәсілдер табылған жағдайда біздің мамандар бірден өңдеуге шығады, – деп түсіндірді Жасұлан Ешмұханов.

Мамандар қыс айларының жылы болуының шегірткеге қо-



лады. Зерттеу жұмыстары сәуір айында басталған.

Аталған мониторингтік іс-шараларды атқаруға «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» 35 маманды және қосымша 5 айлық мерзімге 16 уақытша анықтаушылар және 12 тұрақты автокөлікке қосымша 15 жалдамалы автокөліктер тартылды. Одан бөлек, жергілікті атқарушы орган тарапынан шегіртке зиянкестеріне қарсы мониторингтік жұмыстарды жүргізуге қосымша 17 анықтаушы алынды.

– Көп жылдар бойы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін салыстырғанда, үйірлі шегіртке зиянкестерінің облыс аумағында шығуы 1999-2000 жылдар, 2010-2011 жылдарға сәйкес келеді. Яғни шегіртке зиянкестерінің он-он екі жылдық көтерілу цикліне және биылғы жылы шегіртке зиянкестері үшін қолайлы болған ауа райы жағдайына байланысты, – деді Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Жасұлан Ешмұханов.

Итальяндық шегірткенің Қарқаралы ауданында жер бетіне шығуы байқалған.

Үйірлік шегірткеге, атап айтқанда итальяндық пруска қарсы химиялық өңдеу 20 мамырдан бастап жүргізіліп келеді. Дала жұмыстарына барлығы 136 маман тартылған.

– Биыл итальян прусына қарсы 59,3 мың гектар жерді өңдеу жоспарланған еді. Алғаш рет пилотсыз ұшу аппараттары (дрондар)

Жаңа шағын аудан қанат жайып келеді Ақтоғай ауданының орта-



лығында құрылыс жұмысы қарқынды түрде жүріп жатыр. Нақтырақ айтсақ, мұнда жайлы үйлерден тұратын жаңа шағын аудан салынуда. Алғашқы қоныстанушылар жаңа үйлерге көшіп те үлгерген. Өткен жылдың соңына қарай 15 екі пәтерлі үй және бір 12 пәтерлі екі қабатты үй пайдалануға берілді. Бұл үйлердің бәрі қажетті коммуникацияларға қосылыпты. Атап айтсақ, жылу желісі, су құбыры, көріз һәм электр қуаты бар.

Басты мақсат – тұрғын үй кезегінде тұрған әлеуметтік осал отбасыларды баспанамен қамтамыз ету, олардың тұрмыс сапасының жақсаруына үлес қосу, пәтер кезегін азайту. Бүгінгі күні аудан аумағында 314 отбасы тұрғын үй кезегінде тұр.

– Тұрғын үй мәселесін шешу және тұрғындарды апатты үйлерден көшіру үшін өткен жылы Ақтоғай ауылының солтүстік-шығысында жаңа шағын ауданның құрылысы басталды. Тұрғын үй ке-

Үй – қыста жылы, жағдайымыз – жақсы. Жаңа үйіміз – өмір сүруге өте ыңғайлы. Үкіметтің қамқорлығына, аудан әкімдігіне бек ризамыз, – деп қуанышымен бөлісті Аңсаған Қабыхан.

Быттыр ауданда 11 үй берілді. Тағы 14 үй салынып жатыр.

Қазіргі таңда мұнда құрылыс жұмыстары жалғасып жатыр. Биыл тағы 14 екі пәтерлі үй мен 12 пәтерлі екі қабатты бір үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Одан бөлек, инженерлік желілер, атап айтсақ, қазандық, су құбыры, көріз, электр желілері салынуда. Оның алдында талапқа сай екеніне көз жеткізуі үшін тексеріс жүргізіледі.

Бір айта кетерлігі, Шашубай және Сарышаған кентінде де тұрғын үй мәселесіне назар аударылып келеді. Дерекке сүйенсек, қазір Шашубайда 70 пәтерге қайта өңдеу жұмысы жүргізілуде. Сарышағанда әрқайсысы 12 пәтерден тұратын екі қабатты тұрғын үйді тапсыру көзделген.

– Қазір жұмыстар аяқталуға жақын. Орталық жылуға биыл қосылады. Пәтерлерді әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларға ұсынамыз. Үйлерді жекеменшік компаниялар салуда. Жергілікті билік сатып алып, баспанаға мұқтаж отбасыларға беріледі. Бұл – тиімді. Үйге 3 жылға кепіл беріледі. Кемшілік шықса, құрылыс компаниясына ескерту беріледі, олар өз тарапынан тиісті жұмысын жүргізеді. Бір шаршы метрдің бағасы – 230 000 тт. 12 пәтерлік екі қабатты үй жалпы 650 шаршы метр көлемінде. 3 бөлмелі пәтердің ауданы 58 шаршы метр. Яғни, құны шамамен 12-11 млн тт. Жылу, су, электр жүйесі толықтай орталықтандырылған, – деп атап өтті аудан әкімінің орынбасары Ардагер Қапашев.

«Жас турист» – жас буынға жолбасшы

Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылы еліміз бойынша үздік туристік ауылдардың бестігіне кірген. Қазір ауданда, оның ішінде, Шабанбай би, Қызыларай ауылдық округтерінде туризмді дамыту бағытында елеулі жұмыс атқарылуда.

Біздің назарымызды өзіне бұрып, қызықтырғаны Шабанбай би ауылдық округінің орталығы Қаратал ауылы маңында, туристік аймақта өз жұмысын бастағалы тұрған «Жас турист» жазғы лагері. Ақтоғай ауданы білім бөліміне қарасты қосымша білім беру орталығының директоры Медет Омарбековті әңгімеге тарттық.

– «Жас турист» жазғы киіз үй лагері – аудан аумағындағы 7-11 сынып оқушыларына арналған турист-эстетикалық бағыттағы демалыс ошағы. Бұл лагерьде балалар бір маусымда 30 оқушыдан қабылданады. Екі топқа 15 баладан бөлінеді. Әр топтың жеке тәлімгері мен тәрбиешісі, аға тәрбиешілер болады. Әр маусым 7 күннен тұрады. Быттыр 5 күн болған. Балалардың өтініш-тілегі ескеріліп, 2 күн қосылды, – деп түсіндірді Медет Боранбайұлы.

Бұл маңда 2018 жылы жазғы шатырлы лагерь жұмыс істеген. Кейін ковид басталғанда лагерь жұмысы уақытша тоқтапты. Енді, быттырдан бастап, аудандық білім бөлімінің бастамасымен қайта қолға алынып отыр.

Алғашында 2018 жылы сол кездегі аудандық білім бөлімінің басшысы Сейіл Жүнісовтің идеясымен шатырлы лагерь ретінде жұмысын бастаса, кейін Сейіл Мінтайұлы зейнетке шыққан соң

Үйге 3 жылға кепіл беріледі. Кемшілік шықса, құрылыс компаниясына ескерту беріледі, олар өз тарапынан тиісті жұмысын жүргізеді. Бір шаршы метрдің бағасы – 230 000 тт. 12 пәтерлік екі қабатты үй жалпы 650 шаршы метр көлемінде. 3 бөлмелі пәтердің ауданы 58 шаршы метр. Яғни, құны шамамен 12-11 млн тт. Жылу, су, электр жүйесі толықтай орталықтандырылған.

бұл бастаманы аудандық білім бөлімінің басшылығына келген Айдос Қуанышбаев қолға алып, быттырғы лагерьге жауапты болған екен.

Қазір Айдос Кәріғұлұлы аудан әкімінің орынбасары қызметінде. Бүгінгі күні бұл маңызды жұмысқа аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Гауһар Дуанбекова бас-көз болып отыр. Лагерь шығыны облыстық



бюджеттен қаржыландырылатынын атап өткен жөн.

– Жеті күнге жалпы кесте және әр күнге жеке кесте жасадық. Кестеге сай балалар әр күні бір орындар аралайды. Ол үшін арнайы автобус бар. Мысалы, алдымен оқушылар Бегазы-Дәндібай қорымына барады. Экскурсия жүргізетін арнайы мұғалімдер және қажетті тәрбиеші, тәлімгерлер қарастырылған. Ал, тарихшы мамандар қорымның тарихынан бастап, әр таңбасына дейін егжей-тегжейлі айтып береді. Оқушылар бұл туралы мектептен де ақпарат алып келеді. Мұнда сол білімін толықтырып, ескерткіштерді көзімен көріп, сезініп, жазғы демалысты тиімді өткізеді. Келесі күндері экскурсия осы маңдағы Әулиебұлақ, Әулиетау сынды киелі орындарға жалғаса бермек. Жеті күннің әр күні жеке танымдық әрі қызықты экскурсияға толы болуына күш салудамыз, – деп толықтырды орталық директоры.

Лагерь биыл 5 маусымда 30 баладан 150 оқушыны қабылдауды жоспарлап отыр. 15 маусымда алғашқы екі топты қабылдау басталады. Әзірге мұнда 5 киіз үй. Әрқайсысына шамамен 7-8 баладан қоныстанады. Біреуі арнайы техникалар, дәрістер мен жыын өткізуге тәлімгерлер мен тәрбиешілерге бекітілген. Алдағы уақытта мүмкіндіктер базасын кеңейту жоспарланған. Атап айтсақ, тағы екі шатыр алу жоспарда тұр. Мердігерлер де нақтыланыпты. Жеткізіп берелі деп күтілуде. Болашақта облыстық деңгейге көтеріліп, аудан тарихымен, тылсым табиғатымен басқа аудандардың балаларын таныстыру жоспары жоқ емес.

Жалпы, лагерьге алдымен әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасылардың балалары тартылады. Сонымен қатар, аудан бойынша оқу озаттары, шығармашылық жағынан белсенді оқушыларға келуге мүмкіндік беріледі.

Лагерь аумағында қажетті дүниенің бәрі бар. Атап айтсақ, аумағы қоршалған. Әр киіз үйдің іші төселіп, жатын орындар, төсеніштер және экскурсияға шыққанда мыққа асып жүретін сөмке де дайын тұр. Түрлі қызықты сабақтар мен ойындар өт-



• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Жылу жүйесіне «жылы» көзқарас

Қарағандылықтарды Арқаның алты ай қысында үздіксіз жылуден қамтамасыз ететін бірнеше жылу электр орталығы бар. Соның бірі – ЖЭО-1, екіншісі – ЖЭО-3. Қазіргі уақытта қос нысанда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС сәуірден жылу көздерін жаңғырту жұмыстарын бастаған. Атап айтсақ, қос алып нысанның бес қазандық пен үш турбинасында күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Ол үшін 23,8 миллиард теңге бөлінген. Қазіргі уақытта жұмыстар кестеге сай. Жоспар бойынша барлығы қазан айында тапсырылады деп күтілуде.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қалтырмайды

Қаланың орталықтандырылған жылу жүйесін қамтамасыз ететін басты нысанның бірі – №3 жылу электр орталығы. Бұл орталықтың өзінде сегіз бу қазандығы жұмыс істейді. Жыл сайын оның екеуіне, немесе, үшеуіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Биыл бір қазандыққа күрделі жөндеу, екеуі ағымдағы жөндеу көреді. Ал, қазандықтың №2 құбыр агрегатына жоспарлы ағымдағы жөндеу күні кеше басталған.

Бу қазандығы – ішкі құрылымы күрделі, мыңдаған құбыр өзара байланысқан ауқымды жүйе. Мұндағы әр құбырдың қызметі нақты. Қазіргі уақытта №1 бу қазандығында бу қыздыру құбырлары толық ауыстырылуда. Жалпы, әр бу қазандығында экранды жүйе орнатылған. Ол дегеніміз, қазандықтың ішкі қабырғасына орнатылған, жылуды сіңіріп, бу өндіретін жүйе. Сол экранды жүйе толық жаңартылады. Одан бөлек, қазандықтың экономайзері, яғни, қоректік суды алдын ала жылытуға арналған құрылғысы да жаңартылуда.

– Жылу беру тиімділігін арттыру мақсатында екі сатылы экономайзер орнатылған. Бұл жүйе суды алдын ала біртіндеп қыздыру арқылы отын шығынын азайтады. Сол екі сатысы да жаңартылуда. Одан бөлек, қуат беру жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында электр қозғалтқыштары толық ауыстырылуда. Ал, жылу орталығындағы отынмен қамту тізбегінің маңызды буыны – көмірді ұсақтап жеткізетін жүйесі. Қазір бұл нысанға да күрделі жөндеу жүріп жатыр, – деді «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС бас директоры Флор Гарипов.

Инвестициялық жобалардың ішінде ең ауқымды әрі маңыздысы – ЖЭО-3-ті кеңейту жұмыстары. Биыл бұл бағытта нақты кадам жасалып, жобаны іске асыруға кіріскен. 2028 жылға дейін жаңа энергия блогы орнатылмақ. Оның электр қуаты – 140 МВт, ал, жылу қуаты – 180 сағ/Гкал болады. Бұл – қаланың жылу-электр жүйесін тұрақтандырып, энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

– ЖЭО-1 жөндеу жұмыстары үшін 120 күн, яғни, төрт ай уақыт берілген. Осы уақыт аралығында барлық жұмыстарды аяқтау шарт. Бүгінде жұмыстардың 48%-ы тәмам. Оның ішінде, демонтаж, монтаж жұмыстары толық бітті. Ал, жөндеу тәулік бойы екі ауысыммен жүргізілуде. Қазір екі бірдей қазандықты жөндеу күтіп тұр. Қалғандары ағымдағы жөндеуден өтеді, – деді Флор Гарипов.

Биыл жылу беру маусымы аяқталған



соң №1 қазандықтың тозу деңгейі 90%-ға жеткені анықталған. Сондықтан, биыл толық күрделі жөндеуге шешім шығыпты. Ал, осы жөндеу толық аяқталғанда қазандықтың тозу деңгейі 35%-ға төмендейтін көрінеді.

– Былтыр жөндеуге 18 млрд теңге бөлінген. Биылғы бюджет одан көбірек. Жыл сайын орталықтың жөндеу аумағы көбейеді. Сәйкесінше, жабдықтардың да бағасы өседі. Былтыр №5 қазандық күрделі жөнделді. Ол үшін бюджеттен 4 млрд-тан астам теңге бөлінді. Биыл бірінші қазандықты күрделі жөндеуден өткізу үшін 5 млрд теңге қарастырылған. Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстарының 48%-ы аяқталды. Әлі біз берілген уақыттың ортасына да келмедік. Мамандар жеткілікті. Жоспарды мерзімінен бұрын орындауды көздеп отырмыз, – деді «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС бас директоры.

Тариф өсімі қажеттіліктен туындайды

Жыл басынан бері өңірде электр энергиясының тарифі – 25%-ға, жылу энергиясының бағасы 20%-ға өскен. Бұл өзгеріс алдымен тұтынушыларға азды-көпті салмақ салғанымен, ол ақшаға жөндеу жүргізілуде.

Тариф өсімі «Тарифті инвестицияға айырбастау» жобасы аясында жүзеге асырылуда. Яғни, жобаға сәйкес өңірлік жылу-электр орталықтарына тарифті белгілі бір мөлшерге көтеруге рұқсат берілген. Ал, түскен қосымша қаражат күрделі жөндеу, техникалық қызмет көрсету және жүйені ауыстыруға бағытталады. Мәселен, ЖЭО-3 нысанындағы күрделі және ағымдағы жөндеу тарифтік түсімдер есебінен қаржыландырылуда.

– Жылу мен жарық тарифінің өсуіне көмір бағасы да себеп. Басты жеткізушіміз – «Богатырь Көмір» ЖШС. Биыл аталған кәсіпорын былтырғы бағаға қарағанда жеткізу құнын 24%-ға өсірді. Сәйкесінше, біздің де баға көтерілді. Жалпы, кәсіпорынның екі негізгі табыс көзі бар. Бірі – жылу, екіншісі – электр энергиясы. Алайда, жылу жүйесіне ұзақ жылдар инвестиция құйылмаған. Біз көбіне жөндеу жұмыстарын, жабдықтарды ауыстыру және сатып алу үшін электр энергиясынан түскен табыстан алып отыруға мәжбүр болдық. Ал, бұл бізге тиімсіз. Енді жылу тарифі инфляцияға байланысты жыл сайын өсіп отырады. Сол ақшаға тиісті күрделі жөндеу өтеді, – деді бас директор Флор Гарипов.

Құбырлар толық жаңартылады

Өңірдегі ең маңызды инженерлік жүйе – магистральдық жылу жүйесі. Биыл жылу маусымындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ЖЭО-3 станциясынан басталатын ұзындығы 4,8 шақырымдық негізгі магистральдық желі қайта жаңартылуда. Яғни, мұнда жылу беру және кері қайту құбыры толық ауыстырылады. Ал, әрқайсысының ұзындығы – 2,4 шақырымнан.

Бұл – соңғы онжылдықтағы ең ірі инфрақұрылымдық жобаның бірі. Бұған дейін жылу құбырының диаметрі 1000 мм еді. Ал, ауыстырылып жатқан жаңа құбырдың диаметрі – 1200 мм. Бұл – құбыр желісіндегі апат қаупін азайтады. Өрі қысымға да төзімді. Тіпті, қосымша тұтынушыларды қосқан жағдайда ешқандай мәселе туындамайды.

– Жөндеу жұмыстары облыс әкімінің тапсырмасының негізінде 2024 жылы басталды. Жоспар бойынша 2026 жылы аяқталады. Жалпы, магистральға уақытты ағымдағы жөндеу жүргізілгенімен күрделі жөндеу жасамағалы 50 жылдан асыпты. Екі жобаның тапсыру мерзімі үш жылға жоспарланған. Қазіргі уақытта біршама жұмысты еңсеріп қалдық. Жұмыстар кестеге сәйкес, – деді Қарағанды қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысының орынбасары Жанболат Токмурзин.

Жалпы, ЖЭО-3-тен екі бірдей магистральдық жылу құбыры шығатын. Бұған дейін қаланы осы екі құбыр жылумен қамтамасыз етуші еді. Былтыр үшіншісі іске қосылып, едәуір қысым азайған. Осы үш бірдей жылу құбыры белгілі бір аймаққа дейін тартылады. Яғни, бұлар негізгі орталық жылу көздері. Ал, осы орталық жүйеге қосымша жалғанған жылу құбырлары қосылады. Мәселен, Пришахтинск және Сұрыптау станциясына баратын жылу желісі осы бірінші магистральдық жылу құбырына қосылады.

Құбырлар – «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында орналасқан «Изоплюс Орталық Азия» кәсіпорнында дайындалған. Сапасы – еуропалық деңгейде. Жалпы, құрылыс материалының бәрі –

отандық өнім. Қазіргі уақытта құрылысқа ешқандай кедергі жоқ.

Басқару торабы – ЖЭО-ның миы

Жылу электр орталығындағы басқару торабы – бүкіл станцияның жүрегі деуге болады. Себебі, мұнда ЖЭО-ның өндірістік процесін, жабдықтардың жұмысын, технологиялық жүйелердің қауіпсіздігі, бәрі-бәрі осы орталықтандырылған пульт арқылы басқарылады. Яғни, ЖЭО-нан шығатын екі бірдей магистральдық жылу құбырына қосымша жалғанған жылу құбырлары да осы торабтан басқарылады екен.

Одан бөлек, мұндағы қазандықтар, турбиналар, генераторлар, сорғылар, трансформаторлар, автоматтандырылған жүйе арқылы жұмыс істейді. Осында отырған операторлар нақты уақыт режимінде температура, қысым, ток, кернеу, су деңгейі сынды ондаған параметрді бақылап, реттейді. Егер қандай да бір апат немесе төтенше жағдай орын алғанда диспетчерлер бірден әрекет етіп, станцияны қауіпсіз режимге ауыстырады.

Үнемнің өзегі не?

Биыл №1 қазандық агрегатына күрделі жөндеу барысында оның батареясы да жаңартылады. Мұнда қазір 2-ші буындағы батареялық эмульгаторлары тұр. Енді жетілдірілген 3-ші буындағы батареялық эмульгаторлар ауыстырылады.

3-ші буындағы батареялық эмульгаторлар дегеніміз мазутты тиімді жағу үшін арнайы әзірленген заманауи жабдық. Бұл құрылғы мазут пен суды араластырып, тұрақты эмульсия түзеді. Нәтижесінде, отын толық жанып, зиянды қалдықтарды азайтады. Бірнеше эмульгирлеу секцияларынан тұратындықтан «Батарейалық» деп аталады. Ал, доп осы 3-ші буындағысы көпсатылы екен.

Батарейалық эмульгатордың жүрек соғысын реттеп тұрған қос тетік бар. Бірі – желдеткіш, екіншісі – тамшы ұстағыш. Бірі – отын мен суды үйлесімдесе, екіншісі – оны бақылап, сұрыптап тұратын сүзгі. Екеуінің үндестігі болмаса, тиімділік те, үнем де – құр сөз.

– Эмульгатордың екінші тірегі – тамшы ұстағыш. Ол – технологиялық процестегі тазалық пен тәртіптің күзетшісі іспетті. Желдеткіш қанша жерден жұмыс істеп тұрса да, кейде араласпай қалған су немесе мазут тамшылары тұрады. Міне, тамшы ұстағыш соларды дер кезінде ұстап, қазандыққа жібермейді. Себебі қазандыққа өтсе, жанбай қалуы мүмкін. Салдарынан қондырғы былғанып, экология ластанады. Қазандыққа тек жоғары сапалы эмульсия ғана өтуі тиіс. Бұл – бұлжымас заңдылық, – деді ЖЭО-3 директоры Константин Пятков.

Ал, желдеткіш дегеніміз эмульгатордың ішкі қозғалтқыш күші екен. Оның міндеті – мазут пен суды турбулентті ағымға түсіріп, оларды микробөлшектерге айналдырады. Қарапайым тілмен айтсақ, бұл – ауыр мазут пен жеңіл суды бір ритмге түсіріп отырады. Қос тетіктің бірі қозғалысқа жауап берсе, екіншісі – тазалыққа. Бірі жасайды, екіншісі сұрыптайды. Бұл – технологиядағы қос қанат. Егер, олардың бірі дұрыс жұмыс істемесе, эмульгатор толық қызмет ете алмайды. Ал, бұл ЖЭО үшін шығын.

Жанадан ауыстырғалы жатқан заманауи 3-ші буындағы батареялық эмульгатор тек құрылғы ғана емес. Энергияны үнемдеп, ауаны ластанудан қорғайды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ





ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Кәсіпке жол ашты

Қарағандыда өңірлік кәсіпкерлер палатасының қолдауымен «Жилком-хоз-2030» кәсіпорнының базасында жаңа оқу орталығы ашылды. Желедәтілген курстарда электрліктер мен дәнекерлеушілер білім алады. Оқыту тегін.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Палатаның баспасөз қызметінің ақпараты бойынша, қазіргі таңда бірінші топқа 20 адам жиналды. Көптеген тыңдаушылар Мансап орталығында жаңа мамандық алу мүмкіндігі туралы білді.

— Жаңа мамандық алғым келді. Мансап орталығына хабарласып едім, мұнда электрикке оқуды ұсынды. Кұжаттарды жылдам рәсімдедім. Оқу форматы ұнайды. Оқытушылар бәрін түсінікті түрде түсіндіреді, — деп бөлісті тыңдаушы Дмитрий Дятчин.

Оқу орталығының басшысы Бөлітік Жаубасовтың айтуынша, палатаның қолдауынсыз бұл жобаны жүзеге асыру оңай емес.

Сондықтан, оқыту бағдарламаларын әзірлеуге және тіркеуден өтуге көмек көрсетілді.

Болашақта басқа да мамандықтарды оқыту жоспарланып отыр.

Тыңдаушылар сертификаттар алып, жұмысқа орналаса алады.

• БӨРЕКЕЛДІ!

Үздік мектептер моделі

Оқу-ағарту министрлігінде биылғы оқу жылындағы Қазақстанның үздік мектептерінің рейтингі жасалды. Топ-100-ге Қарағанды облысының бес мектебі енді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздің жетекші мектептерінің рейтингін Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті жариялады. Бұл ретте оқу орындары мемлекеттік аттестаттау қорытындылары, білім алушылардың білім жетістіктері мониторингінің деректері ескерілген.

Сондай-ақ, оқушылардың жетістіктері, педагогтардың біліктілігі, инклюзивті білім беру үшін жағдайлар, тәрбие жұмысының тиімділігі, мектептегі микроклимат, ғылыми, экологиялық және әлеуметтік жобаларға қатысу сияқты өлшемдер бойынша бағаланды.

Бұл бағыттар бойынша Қарағанды облысында әл-Фараби атындағы Балқаш жалпы білім беретін мектебінің, № 1 қарағандылық гимназия мен № 2 лицейдің, Ә.Бөкейхан атындағы Шахтинск лицей-мектебінің және С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназияның үздік көрсеткіштері байқалды.

— Бұл — тек үздік мектептердің тізімі ғана емес, барлық мектеп ұжымының үйлесімді, кәсіби және жауапты жұмысының көрінісі.

Әрбір бала қолдау көрсетілетін, шабыттандыратын және әлеуетін ашуға көмектесетін мектепте оқуы тиіс, — деп атап өтті Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Майра Мелдбекова.

Министрлік жыл сайын еліміздің үздік мектептерінің рейтингін жасауды жоспарлап отыр.

Мамандардың пікірінше, бұл Қазақстандағы орта білім беру сапасын жақсартуға сеп.

Білім сапасы алдағы уақытта мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін арттыруға мүмкіндік береді.

Жастар жұмыссыз қалмайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастарды жұмысқа орналастыруды негізгі міндет ретінде атап өткен. «Жоғары оқу орындарын бітірген түлектердің жұмысқа орналасуы 50 пайыздан аз ғана асады. Біздегі «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға», «Серпін», «Жастар — ел тірегі», «Жастар практикасы» сияқты бағдарламалардың тиімділігін арттыру керек. Олардың қайсысы нақты жұмыс істейді, қаншасы жүзеге аспай жатыр? Осыларды қайта қарау қажет. Бұл мәселені ұдайы назарда ұстау керек» деп атап өтті.

Облыстағы колледж түлектерін жұмысқа орналастыру — білім басқармасының жұмысындағы негізгі бағыттардың бірі.

Биыл колледждерді 10 051 түлек аяқтады. Бүгінде 52 колледж жұмыс істейді, оның 36-сы — мемлекеттік. Оқу жылындағы контингент 32 мыңнан астам студентті құрады.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастар және еңбек нарығы

Бүгінде аймақта 24 848 түлек мемлекеттік білім беру тапсырысымен білім алады. 29 колледж Қарағанды қаласында, 15 колледж моноқалаларда, 8 колледж ауылдық жерде орналасқан. Бүгінде кадр даярлау 126 мамандық және 178 біліктілік бойынша жүргізілуде.

Өткен жылы облыс колледждерін бітірген түлектерді жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту деңгейі 90,8% құрады. Ал, мамандықпен жұмысқа орналасу облыс бойынша орташа есеппен — 55,5%. Дуальды оқыту жүйесінде 2 376 адам оқиса, оның көбі жұмыспен қамтылды.

— Жүргізілген мониторингке сәйкес, жоғары жұмыспен қамтылу көрсеткіші денсаулық сақтау және әлеуметтік қамта-

фабрикасы, Байтерек мейрамханасы, «AsiArt» ЖШС мекемелерінде қызмет атқарады.

— Колледж түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру мақсатында кешенді шаралар жүзеге асуда. Колледждерді бейіндеу бойынша жұмыс басталды. Бүгінгі таңда Балқаш пен Теміртауда екі ірі колледж қайта құрылды. Бұл дайындық сапасын арттыруға және оқу орындарын өңірдің экономикалық қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік берді. Кәсіпорындардың сұранысы бойынша міндетті жұмыспен қамтуды көздейтін мақсатты кадр даярлау да енгізілді. Жұмыс берушілердің тікелей өтінімдерімен шамамен мыңға жуық студент мақсатты даярлықтан өтуде. Негізгі серіктестер қатарында — Qaz Tehna, Qarmet, ҚТЖ, «Имсталькон» және басқа да өнеркәсіптік кәсіпорындар бар. Осы орайда кәсіпорындармен 8 мыңға



массыз етуде — 71,7%, әлеуметтік ғылымдар мен ақпарат — 57,7%, ауыл шаруашылығы — 57,2%, өнер және гуманитарлық ғылымдар 53,4% қамтылды.

Сондай-ақ, басқа да салалар бойынша түлектер сәтті жұмысқа тұрды. Инженерлік, өңдеу және құрылыс, қызмет көрсету және білім берудегі көрсеткіш 39,3% құрайды. Орта және төменгі көрсеткіштердегі жұмысқа орналасу ақпараттық-коммуникациялық технологиялар — 39,2%, жаратылыстану ғылымдары мен математика — 33,3%, бизнес, басқару және құқық 26,4% байқалады.

Еңбекке бағыт, өмірге бейімдеу

Биыл колледждерді 10 051 түлек аяқтағанын атап өттік. Облыстың білім басқармасы ұсынған мәліметке сүйенсек, 9 307 түлек жұмыспен қамтылды. Бүгінде 5 287 адам алған мамандығымен жұмыс істейді. Ал, 1 065 адам бейінге сай емес жұмысқа орналасқан, қалған 2 955 адам жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыруда. Нақтылап өтсек, әскери қызметте, бала күтімі бойынша демалыста, уақытша шетелде жүр.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар 16 колледжді бітірген 117 түлектің 31-і жұмысқа орналасты. Ал, 9 адам дуальды оқыту және әлеуметтік серіктестер мен колледждер арасында жасалған келісімшарттар негізінде алдын ала жұмысқа орналасты. Мысалы аспаз, электрогазбен дәнекерлеуші, автокөлік жөндеуші слесарь, техник-жобалаушы, техник-механик мамандықтарын игергендер бар. Олар «Арғымак» автокөшені, аяқ киім

жуық шарт жасалды. Соның нәтижесінде 74 компания колледждерге қамқоршылық көрсетеді, — деп атап өтті облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Мамандық таңдау — тұрақты жұмысқа негіз

Бүгінде колледждердің кәсіпорындармен ынтымақтастығы түлектердің сәтті жұмыспен қамтылуына ықпал етеді. Тәжірибе ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Осыны ескерген 500-ден астам студент «Борусан Мокина Қазақстан» ЖШС, «QazTehna» ЖШС және басқа кәсіпорындарда тәжірибеден өтті. Орташа жалақы 65 000-нан 150 000 теңгеге дейін артты.

Білім басқармасы мамандарының сөзіне сүйенсек, Теміртау жоғары политехникалық колледжінің 56 студенті (автоматшылар мен дәнекерлеушілер) «Qarmet» АҚ және «Қазмеханомонтаж» ЖШС базасында дуальды оқыту шеңберінде орташа жалақы алады.

— Сондай-ақ, жазғы кезеңде Қарағанды тамақтану және сервис колледжінің 6 студенті Түркия қонақүйлерінде аспазшы көмекшісі, даяшы мамандығы бойынша тәжірибеден өтеді. Практикадан өту кезінде студенттер 400 мың теңге мөлшерінде жалақы алатын болады. Жұмыс берушінің есебінен тұрғылықты жері және тамақтануы қарастырылған, — деп атап өтті Қарағанды тамақтану және сервис колледжінің директоры Құралай Әбеннова.

Дуальды оқыту белсенді енгізілуде

Қазіргі уақытта облыстың 38 колледжі даярлаудың осы түріне көшті. Бұл студенттерді қамту 28%-ды құрайды. Кәсіптік білім индустрияландыру және инвестициялық жобалармен тығыз байланысты. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашады. Биыл 21 мыңнан астам жұмыс орнын қамтамасыз ететін жоспарланған 107 жобаның 39-ы басталады. Бұл жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынасқа ықпал етеді және түлектердің нақты өндірістік ортаға дайындығын арттырады.

— Кәсіпорындардың қажеттіліктерін ескере отырып, кадрлар даярлау бойынша 23 өңірлік жол картасы әзірленген. Бұл түлектердің жұмысқа орналасуын едәуір арттырады және өңірді қамтады, — дейді Гүлбақыт Серікжанқызы.

Дуальды оқытуды атап өткенде, WorldSkills стандарттарына тоқталған жөн. Бүгінде дуальды оқытуда 50-ден астам стандарт интеграцияланған, колледждердің 80%-ы демонстрациялық емтихандарға көшті. WorldSkills стандарттарын қолдану түлектердің дайындық сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін де арттырады.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

ми жұмыстарын ұсынды, — дейді Гүлбақыт Серікжанқызы.

Жақында Қарағанды тамақтану және сервис колледжінің жанындағы «Нan time» шағын наубайханасы студенттік кәсіпорны ашылғанын белгілі. Колледж шеберханасында қазіргі таңда пайдалы нан, круассан және десерттер жасалады.

Кәсіби бағдарлау сәтті жүруде

Жұмыспен қамтуды арттырудың маңызды құрамдас бөлігі — кәсіби бағдарлауды дамыту. Ол үшін студенттер мен түлектерге өздерінің қабілеттерін, мүдделерін ескере отырып, кәсіп пен оқу орнын саналы түрде таңдауға көмектесетін АІ кәсіптік бағдар берушімен «Кәсіпқой әлем» кәсіптік бағдар беру кабинеті ашылды. Кабинетке жаңа кәсіптер атласы, мансаптық өсу және жалақы туралы ақпарат, сондай-ақ, жасанды интеллект ұсыныстары бар тесттер кіреді.

Сонымен қатар, облыста «Profiway» платформасы әзірленген. Ол оқушылар-



Жастар мансаптық өсуге дайын

Облыстағы 43 колледжде жұмысқа орналастыру және мансаптық өсу орталықтары құрылған. Олар түлектерге жұмыс іздеуде, кәсіби бағдар беруде және

ды кешенді кәсіптік бағдарлаудың тиімді құралы ретінде жеке ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіпті саналы түрде таңдауға дайындауға бағытталған.

Ал, алдағы уақытта, яғни, жаз ай-

Сондай-ақ, жазғы кезеңде Қарағанды тамақтану және сервис колледжінің 6 студенті Түркия қонақүйлерінде аспазшы көмекшісі, даяшы мамандығы бойынша тәжірибеден өтеді. Практикадан өту кезінде студенттер 400 мың теңге мөлшерінде жалақы алатын болады. Жұмыс берушінің есебінен тұрғылықты жері және тамақтануы қарастырылған.



жұмыс берушілермен өзара іс-қимылда көмек көрсетеді.

— Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында студенттердің кәсіби және кәсіпкерлік дағдыларын дамыту мақсатында студенттік стартап орталықтарын құру белсенді жалғасуда. Өткен жылдан бастап, Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде шағын және орта бизнеске қолдау көрсету аясында студенттердің іскерлік ойлауын және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған «Бизнес Скиллс» жобасы жүзеге асырылуда. Теміртау жоғары политехникалық колледжінде өткен жылдан бастап, студенттік орталық іске асырылуда. Екінші жыл қатарынан республикалық форум өткізіліп, онда студенттер өздерінің ғылы-

ларының еншісіне мектептерде аграрлық, техникалық, сервистік және медиа бағыттардың 50-ден астам жаңа бейіндік сыныптары ашылады. Бұл орайда 100 мыңнан астам баланы жұмыспен қамту жоспарланған. 4 990 оқушы «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін болады. 14 мыңнан астам бала туристік жорықтар, экскурсияларға қатысады.

Жазғы демалыс кезінде колледж жатақханаларында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 70 студент тұрады. Осы санаттағы студенттердің жазғы жұмыспен қамтылуы колледж басшыларының бақылауында.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Ерлігі естен кетпейді

Ғұмырдарияның тоқтамауы – ұрпақтың ұмытпағанында. Ерлігінің жалғасқаны – ұрпақтың ұлықтағанында. Адамзаттың бүгіні ертеңге жалғасу үшін кешегі бастауын болуы керек. Ал, кешегі өткен күн сөредегі том-том кітап бетіндей қатталып, тарихқа айнала беретіні сөзсіз. Әр отбасының өзінің тарихы, әр өскелең ұрпақтың өз тегі болатыны шындық. Ал, сол тектің асыл болғаны жайындағы жағдаят жас ұрпаққа жете бермейтіні және ұрпақтың хабардар бола бермейтіні тағы бар. Бүгінгі қозғалар әңгіменің тиегі соңындағы ұрпағы үшін, Елі, Отаны үшін нағыз батырлыққа барған тұлға – менің арғы әкем, Қызыл Армияның ержүрек лейтенанты болған Мұхамедия Жұманбаевтың қайсар ерліктері жайында болмақ.



Атам Мұхамедия Әдиұлы 1921 жылы дүниеге келген екен. Ат жалын құшып, жалындаған жігіттік шақтың ауылына қадам басқан 18 жастағы бозбала 1939 жылы әскерге шақырылады. Білегі күшке толы кең жауырынды жігерлі жігіт әскери дайындықтан өту барысында аса ептілігімен көзге түсіп, көп ұзамай Суворов Қызыл Ту орденін иеленген 257-ші Сиваш атқыштар дивизиясының 953-атқыштар полкінде взвод командирі болады. Тәжірибелі офицерлер арасынан лейтенант шенін алуы – тұмысынан даланың дархан даралығына үйренген сарбаздың мінезін, тәртібін, көшбасшылық қасиеттерін мойындаудың дәлелі іспеттес

еді. 257-ші атқыштар дивизиясы – Шығыс Пруссиядағы қанды қырғында, Рига маңындағы шайқастарға, Курляндия котлосындағы ұрыстарға қатысқан, Қырым мен Сиваш үшін болған шайқастармен танымал болған, бірнеше марапаттарға және «Қызыл Ту» ордені мен «Суворов» орденіне ие болып жауынгерлерінің табандылықтары мен даярлықтары және төзімділіктері мен ерекшеленген дивизия екен. Ал, атам Михаил Адинович Жұманбаев (Мұхамедия Әдиұлы Жұманбаевтың аты әскери құжаттарда дәл осылай жазылған) осы дивизияны алға жетелегендердің қатарында болғаны біз үшін үлкен мақтаныш.

Қолға түскен деректерге сүйенсек 1944 жылдың 2 тамызында болған өмір мен өлім арасындағы Лиелупе шайқасы – Мұхамедияның өміріндегі ең батырлық кезеңнің бірі екен. Латвиядағы Лиелупе өзенінен жаудың ауыр миномет және пулемет оғы жауганына қарамай бірінші болып өткен Мұхамедияның взвод жиырмадан астам фашисті жойып, жаудың атыс нүктесін басып алады. Ауыр шайқас келесі күнге созылып, жаудың танк шабуылына кезігеді. Алайда, лейтенант Жұманбаев шегінуден бас тартып, взводты алға жетелейді. Жау шабуылына тойтарыс беріп, елуден астам жау жауынгерін жояды. Осындай аса қатерлі айкаста алыса жүріп Михаил Адинович ауыр жараланса да соғыс алаңын тастамай, табандылығын көрсетеді. Жаудың оғы жаңбырдай жауған сәттегі ерлігі үшін Михаил Адинович Отан соғысы І дәрежелі орденіне ұсынылып, II дәрежелі орденмен марапатталды. Бүгінгі таңда текті тұлғаның осындай ерлігі тек архивте ғана емес, батырлықтың үлгісі ретінде аса құнды жәдігер екені айқын.

Атамыз Мұхамедия Жұманбаев соғыстан кейін елге оралып, қажырлы қайратын халықтың игілігіне жұмсайды. Мемлекеттік ме-



кемелерде, балалар үйінде, әлеуметтік салада қызмет жасай жүріп, әжеміз Бәткен Молдақашева екеуі төрт бала тәрбиелеп өсіреді.

Арада талай уақыт өтіп, уақыт көші алға жылжи берді. Кейінгі уақытта көкейімізге атамыздың ерліктері турасында әредік естіген деректер аса қызығушылық тудырып, мұрағаттардан атамыздың кешегі даңқты ерлікке толы ізгі жолдары хақындағы мәліметтерді іздей бастадық. Десек те ізденіс алғашқы кезде сәтсіз аяқтала берді. Себебі, әңгімеміздің басында баяндағандай біз атамызды Мұхамедия Әдиұлы деген есіммен іздеген едік. Кейін әскери билетте жазылған «Михаил Адинович» деген атаумен қарастырғанда мол мұрағатқа кенелдік. Осы кезеңдегі табылған оның марапаттау парақтары және бірнеше әскери құжаттары – 80 жылдан кейінгі ақтарылған ақиқат ретінде әулеттің кешегі терең тарихына үңілу үшін үлкен олжа және баға жетпес жәдігер екені даусыз.

Осындай танымды әрі дәлелді деректер қолымызға түскен соң, мені, кешегі атамның асқан ерлік көрсеткен, қанды шайқас болған Латвия жеріндегі Лиелупе өзенінің жағасына барып, сол майданда қаза тапқан қайран боздақтардың барлығына дұға бағыштау керек деген ойлар мазалай берді. Осындай мақсатпен 2024 жылы Латвия жеріне, Лиелупе өзені жағасына ат басын тіредім. Өзеннің сылдыратып аққаны, сағасындағы самалға тербелген жасыл желектің суылы, қарағайлардың сылдыры – «біз бәріне де күеміз, еш нәрсені ұмытпаймыз» дегендей үнсіз егіледі...

Ерасыл ЖҰМАНБАЕВ,
«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ вице-президенті, кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның басшысы, батырдың немересі

• РЕСМИ

Бәсеке дамуға бастайды

Әділет салтанат құрған қоғамда ғана экономика алға басады. Қарапайым тұтынушы сапалы тауар тұтынып, кәсіпкер өз ісін ашық әрі тең жағдайда жүргізе алатын орта қалыптасқанда ғана ел дамуы шын мәнінде орнықты болмақ. Бұл – жай ұран емес, күнделікті терең еңбекпен дәлелденіп жатқан қағида. Осы қағиданың тұғырын берік етіп жүрген – монополияға қарсы органның қызметкерлері.

Монополияға қарсы реттеу жүйесі елдің тұрақты дамуында маңызды рөл атқарады. Бәсекелестік – бизнестің жарысы ғана емес, бұл инновацияның қозғалтқышы, бағаның төмендеуі, тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыру. Жаһандық сын-қатерлер мен нарықтардың трансформациясы жағдайында монополияға қарсы органның қызметі ерекше маңызға ие болады.

Монополияға қарсы органның негізгі міндеттері – монополиялық теріс қылықтар мен картельдік сөз байласуларды анықтау, жолын кесу, бәсекелестік заңнаманың сақталуын бақылау, бәсекелестік ортаны дамыту, әсіресе, мемлекеттің қатысу үлесі жоғары салаларда, кәсіпкерлер мен тұтынушылардың мүдделерін қорғау, нарықтың барлық қатысушылары үшін ашық және тең жағдай жасау.

Қарағанды облыстық департаментінің қызметкерлері тауар нарықтарындағы бәсекелестік ахуалды талдау, жаңа кәсіпкерлердің «жабық» салаларға енуіне кедергіні жою, мемлекеттік құрылымдардың бәсекеге шектеу қоюының алдын алу бағытында күн сайын еңбек етуде.

Бәсекелестікті дамыту үшін кәсіпкерлермен тұрақты ашық диалог жүргізіледі. Осындай кездесулер барысында бизнестің түйткілдері тыңдалып, шешімдерге ұсыныстар енгізіледі. Бұл – экономикадағы шынайы серіктестік мәдениетінің негізі.

Бүгінде монополияға қарсы орган тек ірі ойыншыларды ғана емес, шағын және орта бизнесті де назарда ұстайды. Оларды жосықсыз бәсекелестік пен қысымнан құқықтық жолмен қорғау – басты назарда. Бұл бағытта тек тексеру мен айыппұл салумен шектелмей, алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Бұл – экономиканы жазалау арқылы емес, тәрбиелеу арқылы реттеу деген сөз.

Монополияға қарсы орган бүгінде бақылаушы ғана емес, серіктес. Ол мемлекет пен бизнестің, тұтынушы мен өндірушінің арасындағы сенім көпірі.

Қызметкерлерінің қағидаттылығы мен кәсібилігі арқасында нарықтағы адал ойын ережелері қамтамасыз етіледі. Бұл – өңірдің ғана емес, бүкіл елдің тұрақты дамуына негіз.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті

Қарағанды қаласы әкімдігінің қаулысы		
Қарағанды қаласы	№ 34/03	23.05.2025
Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы		
Қазақстан Республикасының Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84 бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Кодекстің 84 бабында белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жататын объектілерді салу, атап айтқанда, төменде аталған жер учаскелерінің нысаналы мақсаты Қарағанды қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына қайшы келетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын іске асыру жолымен автомобиль жолдарын, магистральды құбырларды, инженерлік-коммуникациялық желілерді және елдімекендердің жалпы пайдалану объектілерін салу (қайта құру) бөлігінде елдімекендердің бас жоспарларын орындау мақсатында Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: 1. Келесі жер учаскелеріне қатысты мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі қозғалсын: 1) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Бұқар жырау даңғылы, 93/2 уч., ауданы 0,0286 га, кадастрлық нөмірі 09-142-181-687 Әубәкіров Берік Сахилайұлы мен Далибаева Лейла Жартыбайқызына жекеменшік құқығында тиесілі. 2) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Бұқар жырау даңғылы, 95/2 уч., ауданы 0,0283 га, кадастрлық нөмірі 09-142-181-687 Әубәкіров Берік Сахилайұлы мен Далибаева Лейла Жартыбайқызына жекеменшік құқығында тиесілі. 3) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Бұқар жырау даңғылы, 93/3 уч., ауданы 0,0513 га, кадастрлық нөмірі 09-142-181-257 Әубәкіров Берік Сахилайұлы мен Далибаева Лейла Жартыбайқызына жекеменшік құқығында тиесілі. 4) Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Бұқар жырау даңғылы, ауданы 0,0489 га 95/3 уч., кадастрлық нөмірі 09-142-181-434 Әубәкіров Берік		
М.КОЖУХОВ, Қарағанды қаласының әкімі		

ТОО «АtemGaz» в соответствии пункта 13 главы 2 Правил ценообразования на общественно значимых рынках утвержденным приказом Министерства национальной экономики от 1 февраля 2017 года №36 уведомляет потребителей о предстоящим повышении предельной цены в размере 274,66 тенге за 1 кг на услуги розничной реализации сжиженного емкостного газа через ГРУ с 10.06.2025, в связи с окончанием срока введения компенсирующего тарифа на услуги транспортировки газа по газопроводам от ГРУ до крана на вводе потребителя, назначенного приказом 112-ОД от 11.08.2023 года в размере 79,86 тенге за 1кг.



Еске алу

Жарық дүние есігін ашқаннан естияр болып ержетіп, әке аманатын парыз санап, әулеттің тағдырын ар жүгіндей арқалап жүріп, «Үлкен аға» аталып, ел-жұртының арасында абыройға, құрдастарының ортасында құрметке бөленген **МҰҚАШ** баласы **Серікбай** құдамыздың өмірден өткеніне де бір жыл толып отыр.

1947 жылы жердің көркі атанған Қызыларай тауының баурайында туып, бар өмірін табан аудармай Ақжарық ауылында өткізген қадірлі құдамыз Серікбай марқұм тұмысынан ерік-жігерін мінезіне бағындырған, өмірлік ұстанымын қарапайым еңбек жолының берекесіне айналдырған, жанұясына бақыт сыйлап, туғандарына шуағын төккен, бар мақсатына адал еңбекпен жеткен, қайырымдылығымен жұртшылықтың алғысына бөленген жаны жайсаң азамат болатын. Ағалық қамқорлығымен бауырларының болашағына жол ашып беріп, оқытып, аяқтандырып, өзі ауылда қалып, өмір бойы жүргізуші болып, кеңшардың шаруашылығына жерлестерімен бірге қолдай еңбек етіп, өлшеусіз үлесін қосқан. Секеннің жарты ғасыр бойы төрт доңғалақтың үстінде жүріп, әр киірден кеңшарға жүк тасыған жолының бір шеті оңтүстікте Жаркентке, теріскейде Сібірге, тіпті Еуропа елдеріне де барып жеткен екен. Еңбегі бағаланып, «ҚР ауыл шаруашылығының үздігі», ХШЖ көрмесінің «Алтын», «күміс» медальдарымен марапатталған.

Еліміз өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін, кеңшар тарап, қыстақтар біртіндеп жабылып жатқан кезде Секен өз үлесіне тиген жалғыз Қамазымен тың жерден жаңадан қыстақ салып, шаруашылық құрып, қолының шеберлігімен ескі ауыл шаруашылық техникаларын құрастырып, тыннан жер жыртып, оны қоршап 15 жылдай егін салып, алтын дәнмен ауылдастарына да ырысынан бөліскен еді. Ақжарықтағы шағын шеберханасы кеңшар кезіндегі МТМ-нің орнын жоқтатпай, зәрушілік пен мұқтаждыққа кезіккен жандарға қол ұшын бергендігі өз алдына бір төбе игілік. Кәсібі жүргізушілік болғанымен терең талғамды шеберлігі оқыған инженермен тең түсетін. Жанұялық дәстүрінің төрінде құдаларына деген ілтипатты сыйластық тұратын. «Қ мұратын тәлімді ісімен тындыратын, мансап пен үстемдікті, жалғандық пен жағымпаздықты жек көретін, өзіне ғана тән жолымен жүріп, өзінің қалауынша, өз таңдауымен өмір сүріп, Алланың берген ғұмырын ұрпағына өнегеге айналдырған Серік құдамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, алды пейіш, арты кеніш болсын.

Құдалары: Тұңғышбай-Торғай	№230
Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz	
д	

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! «Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 78-10-51 жұмыс істейді.	д
---	---

«METALS-8» ЖШС L-43-53- (10в-5а-6,7,11) (2020 жылғы 06 тамыздағы №728-ЕЛ лицензиясы) блоктарының контурында қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аймағының географиялық координаттары 46°37'48.29"С, 74°21'19.97"Ш.

Қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күні, уақыты және орны: 11.07.2025 ж.сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Гүлшат кенті, Школьная көшесі, 3-к., сондай-ақ ZOOM конференциясы арқылы: конференция идентификаторы: 853 7437 3993, кіру коды: sJ3QD4.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-те орналастырылған <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Қосымша ақпаратты есепті әзірлеушіден алуға болады: ТОО «Еco Jet», БСН 200640023864, Қарағанды к., Рыскулов к-сі 21, 66, тел.8-700-722-43-56, эл.пошта: ecojet@mail.ru

Жоспарланған қызметтің бастамашысы – «METALS-8» ЖШС. БСН 220640017150. Мекенжайы: Астана к., Сарыарқа ауданы, Сәкен Сейфуллин к-сі, 9/1-5 үй, тел.: +7 701 980 3335.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды к., Лобода к-сі, 40, телефон 8(7212)56-81-66, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.


ТОО «METALS-8» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по проектным материалам для получения экологического разрешения на воздействие к плану проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых в контуре блоков L-43-53- (10в-5а-6,7,11) (Лицензия №728-ЕЛ от 06 августа 2020 г.). Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия 46°37'48.29"С, 74°21'19.97"В.

Дата, время и место начала проведения общественных слушаний: 11.07.2025 г. в 11:00 ч. по адресу: Карагандинская область, п.Гүлшат, ул.Школьная, стр.3, а также посредством ZOOM конференции: Идентификатор конференции: 853 7437 3993 Код доступа: sJ3QD4.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию можно получить у разработчика отчета: ТОО «Еco Jet», БИН 200640023864, г.Караганда, ул. Рыскулова 21, 66, тел.8-700-722-43-56, ecojet@mail.ru. Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «METALS-8». БИН 220640017150. Адрес: г.Астана, район Сарыарқа, ул. Сәкен Сейфуллин, д. 9/1-5, тел.: +7 701 980 3335.

Замечания и предложения принимаются по адресу: expertiza.upr_krg@mail.ru, г.Караганда, ул.Лободы, 40, и телефону 8(7212)56-81-66, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».




Электрондық пошта:
ortalk.kaz@mail.ru

• ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ...

Еліс батыр ерлігі

Небәрі 35 жыл ғұмыр кешкен Елісхан батыр (1908-1943) өзінің бар саналы ғұмырында қаймана халқы үшін аянбай тер төгіп, ақтық демі қалғанша күресіп өтті. Жер шарындағы ең ұзақ көштің бұйдасын ұстаған қазақтардың көш керуені, сол көш тізгінін ұстаған Елісхан батырдың елеулі ерлігі баяндалатын Жәди Шәкенұлы ағамыздың «Қаралы көш» романы әдебиет айдынында өзінің орнын ойып тұрып алғанына шүбә келтірмейміз.



«Қаралы көш» — шынайы оқиғаға негізделіп жазылған тарихи роман. Атауының өзі-ақ айтып тұрғандай, бұл шығармада қасіретке толы қазақ көші баяндалады. Алпауыт екі державаның (Ресей, Қытай) қысымын көріп, әбден зәрезап күйге түскен аталы жұртымыздың өзінің атамекен кен қонысында күнелтуінің өзі қиындыққа айналады. Қилы кезеңдерден сыр шертетін шығармада Елісхан батырдың ең жайлауда отырған емін-еркін елінің басына нәубет келіп, қара бұлт үйіріледі. Қытай әскерінің қанды қолын бастаған

шеріктер бір күнде бейбіт ауылды, нақтырақ айтқанда, 117 адамды нақақтан-нақақ қанға бөктіріп, қырып салады. Кеудесінде кек қайнап, ызаға булыққан Елісхан батыр жауынан кек алуды мұрат тұтса, бір жағынан қалған жұртын бір ту астына біріктіріп, аман алып қалуды көздейді. Туған жерден алысқа, жыраққа көш керуенін бастаған жұрттың туған жерге деген сағынышы кеудесінде мәңгілік сарнап тұратыны анық. Оны романның мына үзіндісінен анық аңғара аламыз: «Жеруығындай қайран мекенім-ай, шынымен-ақ қалып

барасың ба? Ата-анамның алдында тай мініп, танауымыз желбіреп желмен жарысқан кекілді балалығымның куәсі, сәби сүйіспеншілігімнің томағасын тартқан киелі тұғырым-ай. Тағдырдың дәмі бұйырып қайта айналатын күн туар ма екен? Әлде осынау шұбырған көш, екі етегі жасқа толып атамекенінен алыстаған халық туған жер, өскен ортасына қайта айналып келе алмай, мұңға толы жанары жауған қағып қан жылаумен өте ме?! Аталарымыз сонау Алтайдан Баркөлге келіп, жарты ғасырдай бауыр басып еді, енді, міне, ұясынан үріккен құстай бұл мекеннен де түп қотарыла тағы да көшіп барамыз...».

Ілгеріде атап өткеніміздей, 1932-1943 жылдар аралығындағы тауқыметке толы көш керуенінің оқиға желісі тарихи фактілермен көркем түрде суреттеледі. Мазмұны терең, оқиғалары оқыманды бірден баурап алып, одан әрмен ынтыға оқуға жетелейді. Атамекен Баркөlden бастау алған қаралы көш Қытай аумағы арқылы Тибетті басып өтіп, әлемнің ең құ-

зар биік шыңы Гималай арқылы Үндістан жеріне өтсе, әрі қарай Пәкістан жерінде уақытша тұрақ табады. Қанды қырғыннан аман қалған көш тамтығы Түркияға жетіп жығылады. Жол бойында небір зобаланды басынан кешірген көш жолының азабы өте ауыр. Көш барысында ілгерінді-кейінді болып, кем дегенде алты мыңдай адам қырылған екен. Шекарадан санап өткізгенде 3 039 адам болса, 1951 жылға келгенде 1 400 адам ғана қалған. Қасіретті тағдыр. Қыршыннан қиылған қайратты қазақ. Жазықсыз жандарды жалмаған аждаһа ажал...

Шығармада басты кейіпкер — ел бастаған Елісхан батырдың образдық бейнесі өте шебер суреттелген. Күрмеуі қиын жолдардан орайын тауып, сытылып шығып, елінің көреген көсемі атанған Елісханның болмысын шығарманың мына сойлемінен байқасақ болады: «Біз таудың бергі бетін көрсек, ол арғы бетін де көре алатын сұңғыла жаралған жан. Оның айтқанының келмегені бар ма? Алла берген бір қасиеті бар шығар. Дүйім қазақтың көсемі етіп ел басқартса бәлем, шып-шығасын шығармас еді».

«Қаралы көш» романын оқыған әр қазақтың көзіне жас келері анық. Мен бұл туындыны оқу арқылы ерекше сезімге бөленіп, кірпігім жасқа шыланды. Осы туралы автор өз сөзінде бүй дейді: «Осы кітапты тебіренбей оқыған адамның қазақтығына күмәнім бар».

Шынында, шығарманы оқып отырғанда көзіңнен жас парлап, ата-бабаларымыздың жүріп өткен қанды жолын көз алдыға елестетесің, тебіреніп, күңіренесің. Бұл шығарманы оқып шықсақ, тәуелсіздігіміздің парқын түсініп, қадіріне жетер едік.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

• ЖӘДІГЕР

Өңірдің тарих кеніші

Шет ауданындағы «Талды» қорымдары — еліміздің ең құнды тарихи мұраларының бірі. Қорымдар — жерімізде тұтас өркениеттердің тамыр жайғанының дәлелі. «Сарыарқа» археологиялық институтының археологтары тағы да сүйіншілеп жатыр. Олар Шет ауданының аумағында мамыр айының соңына дейін іздетіру және барлау жұмыстарын жүргізген еді. Нәтижесінде 25 тарихи-мәдени ескерткішін тауыпты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Археологтардың сөзінше, табылған қорымдар мен қорғандардың негізгі бөлігі түрлі дәуірге жатады. Жүйелі әрі толықтай зерттеу жұмыстары жүргізілмейінше, ескерткіштердің нақты жасын анықтау мүмкін емес. Дегенмен, болжам да жоқ емес. Қорғандар мен қорымдар қола, ерте темір және орта ғасырға жатуы мүмкін деген болжам бар.

— Барлық табылған ескерткіштер туралы біз жергілікті атқарушы органдарға ресми түрде хабарлауымыз керек. Ал, олар бұл орындарды күзетке алуы тиіс. Тек осыдан кейін ғана одан әрі зерттеулер, қазбалар жүргізуге болады. Бұл шаралар біраз уақыт алады. Бірақ, біз осы қорымдарда қазба жұмыстарын жүргіземіз. Жұмыстар бізге Шет ауданының аумағын ғасырлар

бұрын мекендеген адамдардың тарихын, өмірін, салт-дәстүрін толықтыруға және жақсы түсінуге ықпал етеді, — деді «Сарыарқа» археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкин.

Сонымен қатар, экспедиция мүшелері бұрын табылған Шұнақ петроглифтерін зерттеді. Ғалымдар жиі кездесетін сюжеттерді сипаттап, петроглифтердің ең қызықты үзінділерін кескіндеді. Мамандар петроглифтердің негізгі бөлігі қола дәуіріне жатады деген қорытындыға келіп отыр. Бұған сол кезеңнің дәстүрлі сюжеттік тізбесі дәлел бола алады. Мәселен, адоранттар, солярлық белгілер, жабайы өгіздер, арбалар, аршалы жылқылар, жұлдызды аспан бейнелері бар.

Сурет «Сарыарқа» археологиялық институтынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Мадиярдың мерейі

Арқаның талантты күйшісі Мадияр Сүлейменов Қыздарбек Төрбайұлының 175 жылдығына орай ұйымдастырылған Дәулетбек Сәдуақасұлы атындағы республикалық «Мәңгілік сарын» атты шертпе күйшілер байқауының бас жүлдесін алды. Байқау Шет ауданы әкімінің қолдауымен Ақсу-Аюлы ауылында өтті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шет ауданы қазақ үшін аса қастерлі шертпе күйді жоғары деңгейде насихаттап келеді. Бұл жолы да еліміздің түпкір-түпкірінен таланттарды жинады. 23 күйші қатысты. Алматы, Ақмола облысының, Қызылорданың, Солтүстік

Қазақстан облысының, Қостанайдың, Абай, Шығыс Қазақстан облыстарының күйшілері Ақсу-Аюлының төрінде күй шертті.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы, Мәдениет саласының үздігі Әсел Қайратқызы қазылар алқасының төрайымы болды.

Астана қаласынан келген күй-

ші Сәрсенғали Жүзбаев, қарағандылық күйші Болатхан Ташимов, Күйшілер одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы бойынша төрағасы, күйші Болат Тәкішев, Шет аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Асхат Ахметов қазылық етті.

Кіл таланттар қатысқан байқауда Мадияр Сүлейменов қара үзді. Қарағандылық Самал Мағуия I орыннан көрінді. Алматыдан келген Сара Қамбаровна II, Павлодар облысынан келген Қайрат Тоқан III орын алды. Жүлдегерлердің барлығына қаржылай сыйлық табысталды.

Мадияр Сүлейменов — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, талантты күйші Жанғали Жүзбаевтың төл шәкірті. 2022 жылы Алматыда өткен республикалық байқауда да топ жарған.

«Күйшілік жолды әрі қарай жалғау — менің борышым» дейді бас жүлде иегері.

— Шежірелі Шет өңірі — шертпе күйдің отаны. Мұнда дәулескер күйшілер дүниеге келді. Итаяқ, Қыздарбек, Әбди, Сембек, Мақаш, Баубек, Әбікен Хансенұлы, Бегімсал Орынбекұлы, Дәулетбек Сәдуақасұлы, Орал Исатайұлы секілді асақалдар туған топырақтанмын. Олар салған күйшілік жолды әрі қарай жалғау — менің борышым. Мақтан тұтамын, — деді Мадияр Сүлейменов.

• КЕШ

Аққыз салған ән қандай?!

М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында әсерлі ән кеші өтті. Балалар «Өнер» мектебінің ұстазы, Шашубай Қошқарбайұлы, Манарбек Ержанов, Асылмұрат Аканов атындағы дәстүрлі ән байқауларының жүлдегері, әнші Аққыз Құнарбекова балқаштықтар мен қала қонақтарына «Айналдым, елім!» атты есептік концерттік бағдарламасын тарту етті.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

20 жыл бойы өнерге қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан өнерпазын халық ыстық ықыласпен қарсы алды. Кеш иесі алдымен қолына қара домбырасын алып, Жетісу жері мен Алтайды өзінің әсем әніне бөлеп, Алақол мен Арқа атырабын жығға қосқан дүлдүл ақын, бұлбұл әнші әрі дарынды сазгер, аққуа үн қосқан күміс көмей, ақиық өнер иесі — Әсет Найманбайұлының «Қысметімен», халық әні «Хараймен» шымылдық ашты. Бұдан кейін әншінің шәкірті Бейбарыс

Молдабай Абайдың «Сегіз аяқ» әнін әуелетті.

Сонымен қоса, ұстазы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кенен Әзірбаев, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков атындағы ән байқауының жүлдегері, манарбектанушы Дәуренбек Әрқеновпен «Аққулар» әнін нәшіне келтіре орындады. Бұдан кейін әнші Дәуренбек Әрқенов сынайын қолына алып, сұлу әніне салды. Домбырашы Арман Айнабаев күй тартып, әншінің өнердегі қос бауыры Дамир Жанқұтты мен Нұрхат Тұманшин ән айтып, осы кеште бой көрсетті. Атап айтқанда, Аққыз Құнарбекова «Керім ғой атамекен» әнін ерекше орындап

Оқырман есіне!

Газеттің келесі саны сейсенбі, 10 маусымда шығады

 Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген (R) Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru		 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК КСJKBZKX БИН 000840001412 Тарапымы 4 729 №60 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Аялуым СОВЕТ	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ							